Ключевые слова: *инклюзивное образование, инклюзивная культура, высшее образование, университеты Казахстана, студенты с особыми образовательными потребностями, образовательная среда.*

The modern higher education system of Kazakhstan is focused on the principles of humanization, equality, and accessibility of education for all categories of citizens. In the context of globalization and integration into the international educational space, the issue of forming an inclusive culture in universities is becoming especially relevant. Inclusive education is viewed not only as the creation of conditions for teaching students with disabilities, but also as the development of an educational environment based on respect for diversity, equal opportunities, and social justice. [1, c. 45].

In recent years, Kazakhstan has actively developed a regulatory framework in the field of inclusive education. However, practice shows that the implementation of inclusive approaches in universities remains insufficiently systematic. Researchers note the existence of cultural, organizational, and infrastructural barriers that hinder the full participation of students with special educational needs in university life.

The Concept of Inclusive Culture

Inclusive culture is a system of values, norms, and behavioral models that ensure the acceptance of diversity and equal participation of all members of the educational community in university life. It includes respectful attitudes toward differences, the absence of discrimination, and support for the academic and social adaptation of students. [2, c. 115].

According to researchers, inclusive culture goes beyond the educational process itself and affects the sociocultural aspects of interaction in society. In the university environment, this is manifested through the formation of an atmosphere of cooperation, mutual assistance, and tolerance.

The Current State of Inclusive Education in Universities of Kazakhstan

In Kazakhstan, the number of universities implementing elements of an inclusive environment is gradually increasing. Resource centers are being established, educational programs are being adapted, and technologies for distance learning and psychological-pedagogical support for students are being introduced. At the same time, researchers emphasize that many initiatives are implemented fragmentarily and are not always accompanied by changes in university culture.

According to studies by Kazakhstani scholars, teachers generally have a positive attitude toward the ideas of inclusive education; however, they often lack practical knowledge and methodological training for working in an inclusive environment. In addition, problems of architectural accessibility, lack of specialized equipment, and insufficient digital adaptation of educational platforms remain unresolved. [3, c. 90].

The Role of Teachers in Forming an Inclusive Culture

Teachers are among the key participants in the process of forming an inclusive culture at universities. The success of educational integration largely depends on their professional competence, level of empathy, and readiness to interact with students.

Research shows that teachers at Kazakhstani universities recognize the importance of supporting diversity and preventing discrimination, but many require additional training in adaptive teaching methods and inclusive pedagogy. In this regard, there is a growing need to include courses on inclusive education in teacher training programs and professional development systems. [4, c. 58].

An important area is also the development of teachers' communication culture, as well as the formation of skills related to an individual approach and the creation of a psychologically safe educational environment.

Digital Technologies and Inclusion

The digitalization of higher education opens up new opportunities for the development of an inclusive culture. The use of distance learning technologies, adaptive platforms, and assistive digital tools contributes to expanding access to education for students with various educational needs.

Modern studies emphasize the importance of introducing assistive technologies in universities of Kazakhstan. Such technologies make it possible to adapt educational materials, provide alternative ways of perceiving information, and increase students' academic mobility. [5, p. 207].

Moreover, the digital environment promotes intercultural interaction and academic communication, which are also important elements of an inclusive university culture.

Main Problems in the Formation of Inclusive Culture

Despite positive changes, the process of forming an inclusive culture in universities of Kazakhstan is accompanied by several difficulties:

- insufficient level of teacher training;
- limited accessibility of infrastructure;
- persistence of social stereotypes and stigmatization;
- lack of funding;
- weak integration of inclusive policy into university development strategies;
- insufficient adaptation of digital educational resources.

A particularly significant issue is the persistence of cultural barriers and insufficient awareness among students regarding the ideas of inclusion. Researchers note that the formation of an inclusive environment requires not only technical changes but also the transformation of the value orientations of the entire university community. [6, c. 37].

Ways to Improve Inclusive Culture

For the effective formation of an inclusive culture in universities of Kazakhstan, it is necessary to:

1. Improve the legislative and regulatory framework of inclusive education.
2. Develop teacher training and retraining programs.
3. Create an accessible architectural and digital environment.
4. Introduce systems of psychological and pedagogical support for students.
5. Conduct educational activities aimed at fostering tolerance and respect for diversity.
6. Develop student initiatives and volunteer projects in the field of inclusion.
7. Actively use digital and assistive technologies in the educational process.

A comprehensive approach will make it possible not only to ensure accessibility of education but also to create conditions for the full participation of every student in the academic and social life of the university.

Conclusion

Thus, the formation of an inclusive culture in universities of Kazakhstan is an important direction in the modernization of higher education. Inclusive culture contributes to the development of humanistic values, improvement of education quality, and provision of equal opportunities for all students.

Despite existing challenges, Kazakhstan is witnessing the gradual development of inclusive practices in universities. Further improvement requires systematic work by the state, universities, teachers, and the student community. Only through joint efforts is it possible to create a truly inclusive university where every student can realize their educational and personal potential.

REFERENCES:

1. Тажина Г., Сыргакбаева А., Таирова К., Жубакова С. Факторный анализ переменных инклюзивности в высшем образовании // *Journal of Educational Sciences*. – 2023. – Т. 74. – № 1. – С. 45–58.
2. Шатаева А., Даркембаева А., Оспанова Д. Реализация инклюзивной практики в организациях образования Казахстана // *Вестник Академии педагогических наук Казахстана*. – 2023. – № 3(105). – С. 112–120.
3. Кудайбергенова А., Курманбек А., Меирбекова А. Социально-педагогическое сопровождение студентов с особыми образовательными потребностями в высших учебных заведениях // *Journal of Educational Sciences*. – 2024. – Т. 78. – № 2. – С. 88–97.
4. Жанарстанова М., Абдираимымова Г., Сарсенбаева А. Философия равных возможностей: вспомогательные технологии в контексте инклюзивного высшего образования Казахстана // *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*. – 2024. – Т. 87. – № 1. – С. 54–66.
5. Gordon J. A. The Role of Assistive Technologies in Forming an Inclusive Culture of Higher Education Institutions in Kazakhstan // *Proceedings of the IAFOR International Conference on Education*. – 2025. – P. 201–209.
6. Гох А. Ф., Шестакова Н. Н., Юрков Д. В. Инклюзивная культура: от образовательного к социокультурному контексту // *Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В. П. Астафьева*. – 2021. – № 4(58). – С. 33–41.

УДК 040096

Адамкулов Нурали Мерекебаевич
I. Жансүгіров ат. Жетісу университетінің профессоры, п. ғ. к. Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, ҚР "Мәдениет саласының үздігі (Талдықорған, Қазақстан), Хасенова Эльмира Келісқызы Астана қаласы әкімдігінің №117 ЖОББ"КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (Астана, Қазақстан), Оханова Дина Тазабековна Барлыбек Сырттанұлы атындағы №25 орта мектебінің "Көркем еңбек" пәні мұғалімі (Талдықорған, Қазақстан)

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін оқытудың жаңа әдістері қарастырылды. Сонымен қатар жастардың ерекше қабілеттерін анықтай отырып, қызығушылығын ояту. Әр баланың өз мүмкіндігін сезінуге көмек беріп, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына педагогикалық қолдау көрсету қарастырылды.

Тірек сөздер: Көркем еңбек, шығармашылық, өнер.

Адамкулов Нурали Мерекебаевич
Профессор Жетысуского университета им. И. Жансугурова, Академик академии пед. наук Казахстана, "Заслуженный деятель искусства РК" к. п. н. (Талдықорған, Казахстан), Хасенова Эльмира Согласовна Заместитель директора по воспитательной работе КГУ" СОШ № 117 акимата города Астаны (Астана, Казахстан), Оханова Дина Тазабековна учитель предмета «Художественный труд» средней школы № 25 имени Барлыбека Сырттанулы (Талдықорған, Казахстан)

ПРИОБЩЕНИЕ К ТВОРЧЕСТВУ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ НОВЫХ МЕТОДОВ И ПРИЕМОМ ПРЕПОДАВАНИЯ

Аннотация. В данной статье были рассмотрены новые методы обучения для приобщения учащихся к творчеству, а так же пробудить интерес молодых людей, выявив их уникальные способности. Рассматривалось оказание педагогической поддержки саморазвитию личности, помощи каждому ребенку в осознании своих возможностей.

Ключевые слова: Художественный труд, творчество, искусство.

*Adamkulov Nurali Merekebaevich
Professor Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Academician of the Academy of
Pedagogical Sciences of Kazakhstan, "Honored Art Worker of the Republic of Kazakhstan,"
Ph. D. (Taldykorgan, Kazakhstan),
Khasanova Elmira Coordinated
Deputy Director for Educational Work of KSU" Secondary School No. 117 of the Akimat of
Astana (Astana, Kazakhstan),
Okhanova Dina Tazabekovna
teacher of the subject "Artistic work" of secondary school No. 25 named
after Barlybek Syrttanuly (Taldykorgan, Kazakhstan)*

INTRODUCING CREATIVITY USING NEW TEACHING METHODS AND TECHNIQUES

Annotation. *This article discusses new teaching methods to encourage students to be creative. At the same time, to arouse the interest of young people by identifying their special abilities. It is planned to provide pedagogical support for the self-development of the individual, helping each child to feel their own opportunities.*

Keywords: *artistic work, creativity, art.*

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Осы жайттарды ескере отырып қазіргідей жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қай кезде де болмасын адамзат алдында тұратын міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, білімді, үлкенге ізет кішіге құрмет көрсететін ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан мұғалімдер жан –жақты жетілген, білімді, әр түрлі әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істей алатын шебер иесі болуы керек. Жақсы ұстаздың шәкіртке берер білімі де сапалы болмақ. Ал болашақ жастардың қолында десек, бүгінгі оқушы ертеңгі жас маман екені даусыз. Менің алдыма қойған мақсатым шәкірттерімнің ішінен қабілетті, дарынды оқушыны анықтап, оның шығармашылық қабілетін аша білу. Дарын-дегеніміз не? Дарын –адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет, яғни дарынды бала бойындағы алғырлық, зеректік. Дарындылық дегеніміз- ұш байланыстың үйлесімдігі:

- 1) жоғары интеллектілік
- 2) креативтік (қызығушылық)

3) ынталылық. Осы үш қасиеттің біреуі болмаса, адам дарын ретінде қалыптаспайды. Мен өз сабағымда оқушылармен әр баланың өз мүмкіндігін сезінуге көмек беріп, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына педагогикалық қолдау көрсетемін.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. «Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы. Осы тұрғыдан өзін жұмыс жасайтын Б. Қосынов атындағы орта мектебінде әр сабағымды түрлендіріп, әр түрлі технологияларды қолдана отырып өткіземін. Ойын арқылы сабақты түрлендіре өткізу тиімді деп ойлаймын. 5-6 сыныптарда сабақ қызықты өту үшін мынадай ойын түрлерін қолданамын, мысалы бірінші тоқсанда визуалды өнер бөлімі, оқушылардың есту арқылы өз ойларын қағаз бетіне түсіру, мысалы пейзаж салу тақырыбында оқушыларға әр мезгілдің әуенін қосамын оқушылар сол әуенді тыңдай отырып қай мезгіл екенін тауып суретін қағаз бетіне салу керек. Сол сияқты көптеген әдіс – тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың қызығушылығын оятып аламын. Сонымен қатар оқушылар слайд арқылы өз ойын суретке қарап отырып айтып жеткізеді. Бұдан оқушының ойлау, сөздік қоры жетіледі әрі қызығушылығы оянады. Қазіргі таңда оқушылармен сулы және құрғақ техникасында жүндерден әр түрлі картиналар жасалуда, фетрлерден заманауи техникада жәкет, сәукелер түрлерін тігеміз. Рухани жаңғыру барысында көптеген жұмыстар жасалынып көрме төрінен орын алып жүлделі орындарға ие болды. Оқушылардың сұранысы, қызығушылығы арта түсуде. М. Дулатов айтқандай, «Надан жұрттың күні –қараң, келешегі тұман», -деп егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану- сапалы білім негізі. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Жас ұрпақтың жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу, білім алу.

Қазіргі кезде Білім саласындағы кез келген пән қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық деп айтсақта қателеспейміз. Көркем еңбек пәнінің басты мақсаты-оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның технологиялық мәдениетіне, заманауи тұрғыда яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп, өндіруге бейімдеу болып табылады. Сондай-ақ оқушылардың техника мен технология әлемін зерттеп, зерделеуін, кәсіптік іс-әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе алуын қарастырады. Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғы шарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім – тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбекке деген қызығушылығын ояту, біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру.

Әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беріп, сапалы және озық оқушы тәрбиелеп шығару. Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу,еңбек тәрбиесі – барлық

тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы математика сабағында қамти аламыз, мысалы киімді пішу кезінде өлшеу, санау, түзу сызып қию, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс – әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Көркем еңбек пәнінің негізгі ұстанымы:- «Сөзден – іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргізу, «КӨРКЕМ»- деген сөздің өзі қаншама мағынаны береді. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады. Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін қалыптастырамыз, баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек, себебі әр пән мұғалімі өз пәнінің шебері болса сабақтарыда қызықты өтеді, мұғалім сабағын қалай жақсы көрсе оқушыларды да жақсы көру керек. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу – оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту – оқушылардың туа біткен ақыл – ой қабілетінің жеке дамуының жан – жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. – оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс – тәсілдерін қолдану, сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б. Көркем еңбек – пәні география, бейнелеу өнері, әдебиет, биология, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты, мысал айтсақ биология пәнімен тығыз байланысы адамның бір мүшесін салсақ, мысал айтқанда көзді салу керек болса, сол көзді салу үшін көздің жанарынан адамның қандай көңіл күйде екенін байқауға болады, ал бұл жерде көздің әрбір элементін дұрыс салуда. Бейнелеу пәні мен технология пәні бірігіп «Көркем еңбек » пәні болды, осы жерде айтарым әрі көркемге әрі еңбекке, әрі бейнелеуге үйретеді екенбіз, бір пәнде. Оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады. Көркем еңбек пәніне оқушылардың уәжін арттыру үшін не істеу қажет? Жаңартылған бағдарлама негізінде оқушылардың жалпы білімге деген ынтасын арттыру тек негізгі пәндер арқылы ғана емес, сонымен бірге музыка және бейнелеу, көркем еңбек өнері сияқты пәндер негізінде де жүзеге асырылуы керек деп ойлаймын, себебі қазіргі заман талабына сай.

«Менің ойымша білім беру аясындағы бейнелеу өнерінің басты құндылығы оның адамның тәжірибесін байытып, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға қосатын үлесінде.

- өнер түрлерін кіріктіру арқылы пәндік білімдерін, дағдылары мен түсінігін дамытуға;

- ұлттық және әлемдік көркем мәдениеттегі өнерінің шығармаларымен таныстыру арқылы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

- сенсориканың, қолдың моторикасының, байқағыштықтың, елестетудің, есте сақтау қабілеті, қиял мен шығармашылықтың дамуына;

- оқушылардың визуалдық және эстетикалық қабылдаудың дамуы, көркем жұмыстарды сын тұрғысынан түсіну үшін өнер жанрлары, стильдері туралы білімдерін қолдану;

- өзінің көркем жұмысын орындау үшін, әр түрлі ақпараттармен жұмыс жасай алу (табу, іріктеу, жинақтау) біліктілігін дамытуға;

- бірлескен шығармашылық жұмысты орындау барысында ұжыммен және топпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге **бағытталған**;

Бағдарлама бойынша оқу арқылы оқушылар төмендегі нәтижелерге қол жеткізеді:

- Көркем еңбек пәнін оқи отырып оқушылар ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркем өнер шығармаларын, ондағы берілген идеялар мен құндылықтарды зерттеу және талдау;

- өз жұмысын ұйымдастыра білу: мақсатын анықтау, жұмыс кезеңдерін айқындау, қажетті құралдарды табу, өз жұмысының нәтижесін бақылау және бағалай алу;

- зерттеу, эксперимент жүргізу барысында әртүрлі ресурс түрлерін, оның ішінде АКТ құралдарын қолдана білу;

- шығармашылық өнімді жасау үшін материалдар таңдау және, құралдарды дербес және сенімді қолдану, материал қасиеті мен жұмыс нәтижесінің ерекшелігі арасындағы байланысты түсіну;

- Оқушылар практикалық жұмыс арқылы идеяларды зерттей алады. Идеялар оларды жасау мен орындау кезеңінде дамиды.

Оқушылардың нәтижелерін жақсарту үшін жаңа идеялармен тәжірибелер жүргізу, оларды дамыту, түрлі әдістерді қолдану үшін мұғалім тарапынан икемділік қажет. Өздерінің өткен бөлімдер бойынша жасаған жұмыстарын жылдың басынан тоқсанның соңына дейін шолу жасау мүмкіндігі бар оқушылар игерген процестерді, әдістер мен материалдарды өз жұмыстарын жетілдіру үшін пайдалана алады, жәнеде жасаған жұмыстарынан слайд жасай алады.

Осындай жас ұрпаққа жан-жақты білім беруді жүзеге асыруда жаңартылған бағдарлама негізінде пәндік білімімізді арттыру және өрісімізді кеңейтіп өте қажетті де және көп жаңалық әкеледі деп ойлаймын. Оқушының білімге деген уәжін арттыру мақсатында белсенді оқу болу керектігі туралы білімді толықтырады. Соның ішінде көркем еңбектің жас ұрпақтың қалыптасуына, тәрбиесі мен білімін жетілдіруде әсері мол.

Қорытындылай келгенде аталған бағдарламаның мәні оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асырып, пайдаға асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі – «Өмірмен байланысты».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамқулов Н. М. Педагогикалық кеңестер. Алматы, 2006 - 48 бет
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.
3. «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас.» Әліпбаева А. Қ.

Жолдасбек Еңлік Ерланқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ
(Алматы, Қазақстан)

НАШАР ЕСТИТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ МӘТІНДІ ТҮСІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Зерттеуге нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабағындағы мәтінді түсіну ерекшеліктері ғылыми тұрғыда қарастырылады. Негізгі мақсат - есту қабілетінің бұзылуы мәтінді қабылдау, ұғыну және талдау үдерісіне ықпал ететін факторларды айқындау. Есту қабілетінің шектеулілігі оқушылардың сөздік қорының дамуына, фонематикалық қабылдауына, грамматикалық құрылымдарды меңгеруіне және тілдік-логикалық ойлау операцияларының қалыптасуына әсер ететіні көрсетіледі. Мәтінді түсіну барысында оқушылардың ақпаратты көбінесе сөзбе-сөз қабылдауы, негізгі ойды ажыратуда және себеп-салдарлық байланыстарды анықтауда қиындықтарға тап болатыны анықталады. Пайымдау мәтіндерін түсіну абстрактілі ойлаудың жеткіліксіз дамуына байланысты күрделі екені сипатталады. Зерттеу барысында мәтінді түсіну жетілдірудің тиімді әдістері ретінде көрнекілік, алдын ала сөздік жұмысы, тірек сөздер, мәтінді құрылымдық талдау, сұрақ-жауап және саралап оқыту тәсілдері ұсынылады. Алынған нәтижелер қазақ тілі сабақтарында арнайы педагогикалық қолдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: Нашар еститін оқушылар, мәтінді түсіну, қазақ тілі, сөздік қор, фонематикалық қабылдау, пайымдау, абстрактілі ойлау, сөйлеу тілі.

Zholdasbek Yenglik
Master's student, Abay Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)

FEATURES OF TEXT COMPREHENSION IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS BY HEARING IMPAIRED PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract. The study scientifically examines the peculiarities of understanding the text in Kazakh language lessons by hard-of-hearing primary school students. The main goal is to identify the factors contributing to the process of perception, comprehension and text analysis of hearing impairment. It is shown that hearing limitations affect the development of students' vocabulary, phonemic perception, the assimilation of grammatical structures and the formation of operations of Linguistic and logical thinking. In the process of understanding the text, it turns out that students often have difficulty taking information literally, distinguishing the main idea, and identifying cause-and-effect relationships. It is described that understanding the reasoning texts is difficult due to the lack of development of abstract thinking. In the course of the research, visualization, preliminary vocabulary work, keywords, structural analysis of the text, questions and answers, and approaches to differentiated

learning are proposed as effective methods for improving understanding of the text. The results obtained indicate the importance of special pedagogical support in Kazakh language lessons.

Keywords: *Students with hearing loss, understanding of the text, Kazakh language, vocabulary, phonemic perception, reasoning, abstract thinking, spoken language.*

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі - әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның қабілеттерін жан-жақты дамытуға жағдай жасау. Осыған орай ерекше білім беруді қажет ететін балаларды, оның ішінде есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі педагогика ғылымындағы және білім беру тәжірибесіндегі өзекті бағыттардың біріне айналып отыр.

Есту қабілетінің бұзылуы баланың сөйлеу тілінің қалыптасуына және жалпы психикалық дамуына тікелей ықпал етеді. Мұндай кемістік қоршаған ортадан келетін ақпаратты толық қабылдауға кедергі жасап, танымдық әрекеттердің дамуын тежейді, сонымен қатар білім мен дағдыларды меңгеру қарқынын баяулатады. Нашар еститін балаларда жазу дағдыларын игеру мен мәтінді түсіну барысында түрлі қиындықтар жиі кездеседі. Зерттеу нәтижелері бұл балалардың сөйлеу тілінде сөздік қордың аздығы, грамматикалық құрылымдардың толық қалыптаспауы, дыбыстарды дұрыс айтпау және жазба жұмыстарында ерекше қателердің болуы байқалатынын көрсетеді. Демек, есту анализаторы қызметінің жеңіл деңгейде зақымдануының өзі сыбырлап айтылған сөздерді қабылдауды шектеп, сөйлеу тілінің қалыпты дамуына кедергі келтіреді. Соның нәтижесінде сөздік-логикалық ойлау қабілетінің дамуы да баяулайды.

Мәтін - белгілі бір қарым-қатынас мақсатын жүзеге асыруға бағытталған, мағыналық біртұтастығы мен құрылымдық жүйелілігі сақталған, ауызша немесе жазбаша түрде берілетін тілдік бірліктер жиынтығы. Лингвистикалық тұрғыдан мәтін өзара лексикалық, грамматикалық және логикалық байланыс арқылы ұйымдасқан сөйлемдер кешені ретінде сипатталады.

Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың басты мақсаты- оқушыларға тіл туралы жүйелі білім қалыптастыру, тілдік бірліктерді әртүрлі деңгейде дұрыс қолдану нормаларын меңгерту және оларды тілдік қатынас барысында тиімді пайдалана білуге үйрету. Сонымен бірге бұл пән оқушылардың сөздік қорын молайтуға, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамытуға, тіл мәдениетін жетілдіруге және тілдік шығармашылық пен саналы тілдік әрекетті қалыптастыруға бағытталады. Бұл міндеттер тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым әрекеттері арқылы коммуникативтік дағдыларды жүйелі дамыту негізінде жүзеге асады. Нәтижесінде танымдық деңгейі жоғары, белсенді әрі жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік беріледі. Осыған байланысты «Қазақ тілі» пәні нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда, тілдік қорын жетілдіруде, сондай-ақ олардың ойлау және эмоциялық-сезімдік қабілеттерін қалыптастыруда маңызды орын алатын жетекші пәндердің бірі болып саналады.

1. НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУ САБАҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Қазақ тілі» пәні есту қабілеті бұзылған (нашар еститін) білім алушыларға арналған жалпы білім беру жүйесіндегі жетекші пәндердің бірі болып табылады. Нашар

еститін балалардың тіл меңгеру деңгейі олардың сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін игеруіне, сондай-ақ басқа оқу пәндерін меңгеруіне едәуір ықпал етеді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар баланың танымдық және интеллектуалдық дамуының негізі болып саналады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту үдерісі ең алдымен оқушылардың сауаттылығын қалыптастыруға, мәтіндерді дұрыс әрі саналы оқуға үйретуге, сөйлеу тілін дамытуға, жазу ережелерін меңгертуге, сондай-ақ фонетика мен грамматиканың негізгі элементтерімен таныстыруға бағытталады. Оқу материалдары нашар еститін оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес іріктеледі, олардың түсіну деңгейіне қарай жыл сайын біртіндеп кеңейтіліп, толықтырылып және бейімделіп отырады.

Нашар еститін оқушылардың қазақ тілі сабағындағы ерекшеліктерінің бірі - фонематикалық есту қабілетінің бұзылуы. Есту арқылы ауызша сөйлеуді толық әрі дәл қабылдай алмауына байланысты балалар дыбыстарды бір-бірінен ажыратуда қиындық көреді, әріптерді талдау мен ұқсас сөздерді оқуда қателіктер жібереді. Бұл өз кезегінде сөздерді бұрмаланып қабылдауға, дұрыс оқымауға және сөз мағынасын толық түсінбеуге кері әсер етеді. Тағы бір ерекшелік - сөздік қордың төмендігі. Нашар еститін балалардың сөйлеуді қабылдау мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, олардың сөздік қоры қалыпты дамыған құрдастарына қарағанда әлдеқайда аз болады. Көп жағдайда мәтіндерде кездесетін сөздердің, әсіресе ауыспалы мағынадағы сөздердің мағынасын түсіну қиындық туғызады. Мәтіннің мағынасын түсінуде де елеулі қиындықтар байқалады. Нашар еститін балалар кейбір сөздердің мағынасын түсінгенімен, сөйлемнің немесе мәтіннің жалпы мазмұнын толық ұғына алмауы мүмкін. Балалар күрделі синтаксистік құрылымдарды, метафораларды және салыстырмалы сөздерді түсінуде қиналады. Нашар еститін балаларға оқу қарқынының баяулығы да тән. Олардың оқу жылдамдығы қалыпты балаларға қарағанда төмен болады. Бұл сөздер мен олардың мағынасын түсінудегі қиындықтармен тығыз байланысты. Соның нәтижесінде олар сабақ барысында берілген мәтінді уақытында оқып үлгермеуі мүмкін. Жазбаша сөйлеудің өзіндік ерекшеліктері (аграмматизм) нашар еститін балаларда сөйлемнің грамматикалық құрылымының бұзылуымен сипатталады. Сөйлем құрастыру кезінде олар белгілі бір сөздерді тастап кету, сөздердің орын тәртібін сақтамау, жалғаулықтар мен жұрнақтарды дұрыс қолданбау, сөйлемнің толық болмауы сияқты қателер жібереді. Сонымен қатар нашар еститін балалар зейінді шоғырландыруда қиындық көреді. Сабақ барысында олар ақпаратты қабылдап, түсіну үшін көп күш жұмсауға мәжбүр болады. Бұл зейіннің тез шаршауына және оқу дағдыларының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Қарым-қатынас жасау барысында да белгілі бір қиындықтар туындайды. Есту қабілетінің бұзылуы мен сөйлеу тілінің кешеуілдеп дамуы оқушылардың тапсырманы талдауына, өз ойын еркін жеткізуіне және сыныптастарымен тиімді қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді. Есту қабілетінің зақымдалуы көбінесе сөйлеу тілінің тежелуімен қатар жүреді, бұл мәтінмен жұмыс жасаудың барлық кезеңдеріне мәтінді түсінуден бастап, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуге дейін теріс әсер етеді.

2. НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ МӘТІНДІ ТҮСІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мәтін (лат. textus - мата, байланыс, тоғысу) - белгілі бір материалдық тасымалдағышта бекітілген, өзара байланысқан тілдік бірліктердің тұтас әрі аяқталған

жүйесі түрінде берілген адам ойы. Ғылыми әдебиеттерде «мәтін» ұғымы екі негізгі қырынан қарастырылады: имманенттік және репрезентативтік. Имманенттік бағыт мәтінді өзіндік ішкі құрылымы мен ұйымдасу заңдылықтары бар дербес жүйе ретінде зерттеуді көздейді. Ал репрезентативтік бағыт мәтінді мәтіннен тыс өмір сүретін шынайы болмыс туралы ақпаратты жеткізудің ерекше формасы ретінде қарастырады. Қазақ тілі сабақтарында нашар еститін оқушылардың басты ерекшеліктерінің бірі – олардың мәтіннің жалпы мазмұнына емес, тек жекелеген бөліктеріне немесе контекстен тыс түсінетін кейбір сөздерге ғана назар аударуы. Соның нәтижесінде мәтінді түсінуі үзік-үзік және толық емес сипатта болады.

Зерттеушілер Р. М. Боскис пен Л. В. Николаева қазақ тілі сабақтарында нашар еститін оқушылардың әңгіменің мазмұнын түсінуі тек сөздік қордың шектеулілігіне, сөйлеудің грамматикалық құрылымының жеткіліксіз дамуына және грамматикалық формалардың мағынасын түсінбеуге ғана емес, сонымен қатар сөздің дыбыстық құрамын жеткіліксіз меңгеруіне де байланысты екенін атап көрсетеді. Сөздің дыбыстық құрылымын толық меңгермеу оқылған мәтінді түсінуді едәуір қиындатады, әсіресе ауызша сөзді қабылдау барысында. Нашар еститін бала көбінесе естуге қолжетімді дауысты дыбыстар мен екпінге сүйенеді. Егер бала айтылған сөздің дыбыстық құрамын нақты елестете алмаса, онда ол бұл сөзді оқу кезінде де тани алмайды.

Сөйлеу тілінің даму деңгейінің төмендігі оқылған мәтінді түсіну үдерісін айтарлықтай қиындатады. Алайда Н. Г. Морозова атап өткендей, егер нашар еститін бала мәтіндегі сөздердің мағынасын және жекелеген фактілерді түсінсе де, бұл шығарманы толық түсінді дегенді білдірмейді. Бұл пікірді жалғастыра отырып, М. И. Никитина мен Э. Матыня сөздердің лексикалық мағынасын түсіну мәтінді ұғынудың тек бір ғана шарты екенін көрсетеді. Мәтінді толық қабылдау үшін оның бөліктері арасындағы мағыналық байланысты анықтап, негізгі идеясын түсіну қажет.

Нашар еститін оқушылар үшін ерекше қиындық туғызатын мәтін түрлерінің бірі - пайымдау мәтіні. Бұл, ең алдымен, олардың абстрактілі-логикалық ойлауының баяу дамуымен байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, есту қабілеті бұзылған балаларда абстрактілі ойлау элементтері тек жоғары сыныптарда ғана біртіндеп дами бастайды. Осыған байланысты оқушыларға құбылыстар, оқиғалар мен адамдар әрекеттері арасындағы логикалық байланыстарды анықтау қиынға соғады.

Пайымдау мәтінінің ерекшелігі - белгілі бір ойды дәлелдеу және себеп-салдарлық байланыстар арқылы қорытынды жасау. Алайда нашар еститін оқушылар жасырын себептерді анықтауда қиналып, себеп пен салдарды, мақсат пен әрекетті шатастырып жатады. Кейбір жағдайларда олар себеп-салдарлық қатынастарды кеңістіктік байланыстар ретінде қабылдайды. Сондықтан пайымдау мәтініндегі негізгі ойды, өзара байланысты дәлелдерді және қорытындыларды түсіну олар үшін едәуір күрделі болып табылады.

Сонымен қатар, оқушылар мәтіндегі ақпаратты көбіне тура, сөзбе-сөз мағынада қабылдайды. Автордың көзқарасы берілген мәтіндерді (мысалы, пайымдау мәтіндері, логикалық негізделген пікірлер, тәмсілдер) түсіну үшін оқушы мәтін мазмұнын талдай білуі, деректерді салыстыра алуы және өз бетінше қорытынды жасай білуі қажет. Әсіресе ақпаратты логикалық өңдеуді қажет ететін жағдайларда қиындықтар айқын байқалады.

Мұндай оқушылар мәтінде берілген дәлелдер арасындағы байланысты анықтауда, негізгі және қосымша ақпаратты ажыратуда, сондай-ақ жалпы қорытынды жасауда қиналады. Сондықтан олар жеке сөйлемдерді түсінгенімен, мәтіннің тұтас мазмұнын және автордың негізгі ойын толық ұғына алмауы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабағындағы мәтінді түсіну ерекшеліктері олардың есту қабілетінің бұзылу деңгейімен, сөйлеу тілінің қалыптасу дәрежесімен, сөздік қорының көлемімен және танымдық әрекеттерінің дамуымен тығыз байланысты күрделі психолого-педагогикалық құбылыс болып табылады. Мәтінді түсіну бұл категориядағы оқушылар үшін тек оқылған ақпаратты қабылдау ғана емес, сонымен бірге тілдік бірліктердің мағынасын ажырату, сөйлемдер арасындағы логикалық байланысты анықтау, мәтіннің негізгі ойын айқындау және авторлық ойды ұғыну сияқты бірқатар күрделі әрекеттерді қамтитын үдеріс ретінде көрінеді.

Зерттеулер мен педагогикалық бақылаулар нашар еститін оқушылардың мәтінді қабылдауында бірқатар тұрақты қиындықтардың бар екенін көрсетеді. Атап айтқанда, олардың сөздік қорының шектеулілігі, грамматикалық құрылымдарды толық меңгермеуі, фонематикалық қабылдаудың жеткіліксіздігі және тілдік-логикалық операциялардың баяу дамуы мәтін мазмұнын тұтастай түсінуге елеулі кедергі келтіреді. Мұндай оқушылар көбінесе мәтіндегі жеке сөздер мен сөйлемдерді ғана бөліп қабылдайды, алайда олардың өзара мағыналық байланысын, себеп-салдарлық қатынастарын және мәтіннің тұтас құрылымын толық деңгейде аша алмайды. Әсіресе пайымдау сипатындағы, авторлық позиция айқын көрінетін мәтіндерді түсіну олар үшін анағұрлым қиын болып табылады.

Осыған байланысты қазақ тілі сабақтарында мәтінді түсіндіру жұмысы арнайы ұйымдастырылған, жүйелі және кезеңдік сипатта жүргізілуі тиіс. Көрнекілікке негізделген оқыту, алдын ала сөздік жұмысын ұйымдастыру, тірек сөздермен жұмыс, мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу, сұрақ-жауап арқылы талдау, салыстыру және қорытынды жасауға бағытталған тапсырмалар нашар еститін оқушылардың мәтінді саналы түрде түсінуін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар саралап және жеке-дара оқыту тәсілдерін тиімді қолдану олардың оқу мүмкіндіктерін ескеруге, танымдық белсенділігін арттыруға және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Осылайша, нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының мәтінді түсіну ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда ескеру қазақ тілін оқытудың сапасын арттырудың, тілдік тұлғаны қалыптастырудың және олардың жалпы оқу жетістігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Print-S, 2005.
2. Әбілжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1995.
3. Никитина М.И. Уроки чтения в школе слабослышащих детей. – М: Просвещение, 1978. 144 с.
4. Боскис Р. М. Глухие и слабослышащие дети. – М.: Советский спорт, 2004. – 304 с.

5. Боскис Р. М. Учителю о детях с нарушениями слуха: Кн. для учителя. – 2-е изд испр. & apos; – М.: Просвещение, 1988. – 128 с.
6. Комаров К.В. Методика обучения русскому языку в школе для слабослышащих детей: Учеб.пособие для вузов. 2-е изд., испр. М.: Изд. дом «ОНИКС 21 век», 2005.
7. К.Г. Коровин, И.М. Гилевич, Н.Ю. Донская и др. / Книга для учителя школы слабослышащих: Обучение рус. яз., чтению, произношению / Под ред. К.Г. Коровина - М.: Просвещение, 1995. – 160 с.
8. Морозова Н.Г. Воспитание сознательного чтения у глухонемых школьников. – М.: Учпедгиз, 1953. – 184 с.
9. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. (Лингвистическое наследие XX века.) – Изд. 4-е, стереотипное. – М.: Ком Книга, 2006. – 144 с.
10. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики - М.: Смысл, 1997. - 287 с.
11. Четверикова Т. Ю., Ковригина Л. В. Методика преподавания литературы в школах для детей с нарушениями слуха: учеб.-метод. пособие. – Новосибирск: НГПУ, 2010. – 55 с.

УДК 372/378

Мамадалиева Наргиза Абдурасуловна
Наманганский государственный институт зарубежных языков
(Наманган, Узбекистан)

САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ БУДУЩИХ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ УЗБЕКИСТАНА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности формирования навыков самостоятельного обучения (*Self-Directed Learning – SDL*) у студентов технических вузов Узбекистана в условиях цифровизации высшего образования. Анализируются зарубежные и отечественные подходы к пониманию самостоятельного обучения, а также педагогические проблемы, возникающие при использовании цифровых технологий в процессе изучения английского языка как иностранного (*EFL*). На основе научных исследований предлагается модель *SDL*-компетенций. Делается вывод о необходимости системного развития самостоятельного обучения студентов в цифровой образовательной среде.

Ключевые слова: *self-directed learning, EFL, цифровизация образования, автономное обучение, метакогнитивные навыки, высшее образование, Узбекистан.*

SELF-STUDY OF FUTURE ENGLISH LANGUAGE TEACHERS IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION OF HIGHER EDUCATION IN UZBEKISTAN

Abstract. This article examines the development of *self-directed learning (SDL)* skills among students at technical universities in Uzbekistan in the context of digitalization of higher education. It analyzes international and domestic approaches to understanding *self-directed learning*, as well as the pedagogical challenges arising from the use of digital technologies in learning English as a foreign language (*EFL*). Based on scientific research, a model of *SDL* competencies is proposed. It concludes that systematic development of student *self-directed learning* in a digital educational environment is necessary.

Keywords: *self-directed learning, EFL, digitalization of education, autonomous learning, metacognitive skills, higher education, Uzbekistan.*

Введение

В последние годы система высшего образования Узбекистана активно развивается в направлении цифровизации. Использование онлайн-платформ, электронных образовательных ресурсов и технологий искусственного интеллекта существенно изменило организацию учебного процесса. В связи с этим особую актуальность приобретает проблема формирования навыков самостоятельного обучения студентов, поскольку именно способность к автономной учебной деятельности становится одним из ключевых факторов успешного обучения в цифровой среде.

Согласно Закону Республики Узбекистан «Об образовании» и Концепции развития высшего образования до 2030 года, значительная часть учебной нагрузки

студентов должна реализовываться через самостоятельную работу. Однако практика показывает, что наличие цифровых технологий не всегда сопровождается развитием у студентов навыков саморегуляции, критического мышления и осознанного использования образовательных ресурсов.

Теоретические основы самостоятельного обучения

Теория самостоятельного обучения получила широкое развитие в зарубежной педагогике XX века. Одним из основателей концепции SDL является М. Ноулз, который определял самостоятельное обучение как процесс, при котором обучающийся самостоятельно выявляет свои образовательные потребности, формулирует цели, подбирает ресурсы и оценивает результаты обучения.

Д. Гаррисон предложил комплексную модель SDL, включающую самоуправление, самоконтроль и мотивацию обучающегося. В советской педагогической традиции проблема самостоятельной деятельности учащихся рассматривалась П. И. Пидкасистым и Б. П. Есиповым.

В современной узбекской педагогике данная проблема активно исследуется Ш. Ш. Ариповой, Д. М. Саримсаковой, Г. М. Мусахановой и другими исследователями.

Самостоятельное обучение в цифровой образовательной среде

Цифровизация образования значительно расширяет возможности студентов для самостоятельного обучения. Использование электронных библиотек, мобильных приложений, онлайн-платформ и AI-инструментов позволяет обучающимся самостоятельно выбирать темп и способы изучения иностранного языка.

Однако современные исследователи отмечают наличие серьезных противоречий в данной сфере. Ю. Н. Точилина подчеркивает, что студенты часто демонстрируют высокий уровень владения цифровыми технологиями при недостаточном развитии навыков саморегуляции и критической оценки информации.

Н. А. Мамадалиева отмечает, что эффективность использования цифровых инструментов напрямую зависит от способности студентов самостоятельно организовывать собственную учебную деятельность, определять цели обучения и анализировать результаты своей работы.

Проблемы организации самостоятельного обучения в вузах Узбекистана

Несмотря на активное внедрение цифровых технологий, в системе высшего образования Узбекистана сохраняется ряд проблем, связанных с развитием самостоятельного обучения студентов.

Во-первых, учебные программы предусматривают значительное количество часов самостоятельной работы, однако методические механизмы формирования SDL-компетенций разработаны недостаточно.

Во-вторых, цифровизация образовательного процесса часто ограничивается техническим внедрением платформ и сервисов без формирования культуры автономного обучения.

В-третьих, студенты обладают базовыми навыками использования цифровых технологий, но недостаточно владеют навыками критического анализа информации, планирования и самоконтроля.

Заключение

Таким образом, развитие самостоятельного обучения студентов становится одной из важнейших задач современного высшего образования. В условиях цифровизации образовательного процесса особое значение приобретают навыки самоорганизации, метакогнитивной регуляции, критического мышления и осознанного использования цифровых ресурсов.

Проведенный анализ показывает необходимость системного внедрения технологий развития SDL-компетенций в процесс преподавания английского языка в технических вузах Узбекистана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Abdullayeva N. S., Toshmukhammedov M. I. Ta'limda sun'iy intellektni qo'llashning zamonaviy usullari. – Tashkent, 2020.
2. Aripova Sh. Sh. Ingliz tilini o'qitishda talabalarning mustaqil ta'lim olish kompetensiyasini rivojlantirishning metodologik asoslari. – Tashkent, 2022.
3. Esipov B. P. Samostoyatel'naya rabota uchashikhsya na urokakh. – Moscow, 1961.
4. Garrison D. R. Self-directed learning: Toward a comprehensive model // Adult Education Quarterly. – 1997.
5. Knowles M. S. Self-Directed Learning: A Guide for Learners and Teachers. – New York, 1975.
6. Mamadaliyeva N. A. Raqamlashtirish muhitida talabalarning mustaqil ishlashining til o'qitish jarayonidagi o'рни // Ta'lim va Taraqqiyot. – 2025.
7. Musaxanova G. M. Mustaqil ta'lim jarayonida talabalarning tashkilotchilik qobiliyatlarini rivojlantirish. – Tashkent, 2022.
8. Pidkasistiy P. I. Samostoyatel'naya deyatelnost uchashikhsya. – Moscow, 1972.
9. Sarimsaqova D. M. Mustaqil ta'lim jarayonida talabalarning ingliz tilida sotsiologiyistik kompetensiyasini rivojlantirish texnologiyasi. – Namangan, 2022.
10. Tochilina Yu. N. Rol samostoyatel'noy raboty studentov v protsesse obucheniya inostrannym yazykam v epokhu tsifrovogo obrazovaniya. – Moscow, 2024.
11. Utaeva I. B. Mustaqil ta'lim jarayonida talabalarning grammatik kompetensiyalarini rivojlantirish. – Tashkent, 2022.
12. O'zbekiston Respublikasi "Ta'lim to'g'risida"gi Qonuni. – Toshkent, 2020.

Наукебай Жайна Нурлыбекқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ
(Алматы, Қазақстан)

НАШАР ЕСТИТІН 1 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АРТИКУЛЯЦИЯСЫ ҰҚСАС ДЫБЫСТАРДЫ АЖЫРАТА АЛУЫН ДАМУЫ

Аннотация. Зерттеуде нашар еститін 1-сынып оқушыларының артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажырату ерекшеліктері ғылыми тұрғыда қарастырылады. Есту қабілетінің шектеулілігі оқушылардың фонематикалық қабылдауына, дыбыстарды дұрыс айтуына, артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажыратуына және сөйлеу тілінің дамуына әсер ететіні көрсетіледі. Әсіресе, оқушылардың ұяң және қатаң, ысқырықты және ызың, жуан және жіңішке дыбыстарды ажыратуда қиындықтарға тап болатыны анықталады. Сонымен қатар, артикуляциялық ұқсастыққа байланысты дыбыстарды алмастыру мен шатастыру жиі кездесетіні сипатталады. Зерттеу барысында артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажыратуды дамытудың тиімді әдістері ретінде еліктеу арқылы айту, артикуляциялық жаттығулар, көрнекілік, фонематикалық естуді дамыту тапсырмалары, тірек-қимылдар мен саралап оқыту тәсілдері ұсынылады. Алынған нәтижелер нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының дыбыстық қабылдауын және дұрыс айтылымын қалыптастыруда арнайы педагогикалық қолдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: Нашар еститін оқушылар, артикуляция, дыбыстарды ажырату, фонематикалық қабылдау, дыбыс айту, артикуляциясы ұқсас дыбыстар, сөйлеу тілі, фонематикалық есту, түзету жұмысы, арнайы педагогикалық қолдау, бастауыш сынып оқушылары, еліктеу әдісі, артикуляциялық жаттығулар.

Naukebay Zhaina
Master's student, Abay Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)

DEVELOPMENT OF THE ABILITY OF FIRST-GRADE HARD-OF-HEARING STUDENTS TO DIFFERENTIATE ARTICULATORILY SIMILAR SOUNDS

Abstract. The study scientifically examines the features of differentiating articulatorily similar sounds in first-grade hard-of-hearing students. It is shown that hearing impairment affects students' phonemic perception, correct pronunciation, differentiation of articulatorily similar sounds, and speech development. In particular, students experience difficulties in distinguishing voiced and voiceless, whistling and hissing, as well as hard and soft sounds. In addition, frequent substitution and confusion of sounds caused by articulatory similarity are described.

The study proposes effective methods for developing the differentiation of articulatorily similar sounds, including imitation-based pronunciation, articulation exercises, visual aids, tasks for developing phonemic hearing, supportive movements, and differentiated

teaching approaches. The obtained results demonstrate the importance of special pedagogical support in developing sound perception and correct pronunciation in hard-of-hearing primary school students.

Keywords: *hard-of-hearing students, articulation, sound differentiation, phonemic perception, pronunciation, articulatorily similar sounds, speech development, phonemic hearing, corrective work, special pedagogical support, primary school students, imitation method, articulation exercises.*

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін, соның ішінде нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамыту мәселесінің маңыздылығымен түсіндіріледі. Есту қабілетінің шектеулілігі баланың тілдік дамуының барлық компоненттеріне – фонематикалық қабылдауына, сөздік қорының қалыптасуына, грамматикалық құрылымдарды меңгеруіне және дыбыстарды дұрыс артикуляциялауына айтарлықтай әсер етеді. Осы себепті мұндай балаларда сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуі, дыбыстарды дұрыс ажырата алмау және сөздерді бұрмалап айту жағдайлары жиі кездеседі. Әсіресе 1-сынып кезеңі баланың тілдік дамуы үшін шешуші кезең болып табылады. Бұл жаста фонематикалық есту қабілеті мен дыбыстарды ажырату дағдылары қарқынды қалыптасады, ал осы кезеңдегі қиындықтар кейінгі оқу дағдыларына, әсіресе оқу мен жазу сауаттылығына тікелей әсер етеді. Артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажырата алмау нәтижесінде оқушыларда әріптерді алмастыру, сөз мағынасын бұрмалау, жазуда қателіктер жіберу сияқты мәселелер пайда болады. Сонымен қатар, нашар еститін балаларда ұяң және қатаң, ысқырықты және ызың, жуан және жіңішке дыбыстарды ажырату ерекше қиындық тудырады. Бұл олардың сөйлеу тілінің анық еместігіне, коммуникациялық қабілетінің шектелуіне және оқу материалын толық меңгеруіне кедергі келтіреді. Артикуляциялық ұқсастыққа байланысты дыбыстарды алмастыру мен шатастыру олардың тілдік дамуын тежейтін негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Осыған байланысты нашар еститін 1-сынып оқушыларының артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажырату ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерттеу және оны түзету мен дамыту жолдарын анықтау қазіргі сурдопедагогика мен арнайы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі тиімді әдістерді қолдану – еліктеу арқылы айту, артикуляциялық жаттығулар, көрнекілік, фонематикалық естуді дамыту тапсырмалары, тірек-қимылдық қолдау және саралап оқыту тәсілдері – балалардың дыбыстық қабылдауын жақсартып, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері нашар еститін оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда жүйелі және мақсатты педагогикалық қолдаудың қажеттілігін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде инклюзивті білім беруді жетілдіруге, оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға және олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

ртикуляция-дыбысты дұрыс айту процессі.

Артикуляция- сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жұмсақ таңдай, дауыс шымылдығы, төменгі жақ) дыбыстарды шығару үшін қажетті үйлесімді іс-әрекеті. Аутаева А.Н.

еңбегінде әр сөйлеу дыбыстарының акустикалық табиғаты оны артикуляция ерекшелігіне негізделген делінген [1].

Сурдопедагогикадағы артикуляциялық жұмыстың негізгі мақсаты – есту қабілеті бұзылған баланың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру және оның дыбыстарды анық, түсінікті айтуын қамтамасыз ету.

Аутаева А.Н., Ахметова А.А., Бутабаева Л.А «артикуляция» терминінің келесі анықтамасын береді- егер кішкентай балаларда еріннен оқу дағдысы болмаса, онда баланың сөйлеп тұрған адамның бетіне қарауын, ересектің артикуляциясына еліктеуін, сол артикуляцияны дауыспен қатар жасалуын бағалаймыз делінген [2].

И.М. Сеченов былай деп жазды: «...қазіргі уақытта сөйлеудің механикалық жағдайлары белгілі болған кезде, есту қабілеті зақымдалған балаларға да сөйлеуді үйретеді, бірақ көру арқылы әсерлер есту қабілетін зақымдалған үшін тістердің, жақтардың, тілдің және таңдайдың қозғалыстарын басқарады».

Ерте есту қабілеті зақымдалған оқушыға визуалды талдау және синтез арқылы айтылымды меңгеруге көмектесу үшін мұғалім өзінің сөйлеу мүшелерінің қимылдарын көрсетеді және оқушыға оларды еліктеуге мүмкіндік береді. Артикуляциялық қимылдарын мұғалімнің қимылдарымен визуалды түрде салыстыру арқылы ерте есту қабілеті зақымдалған бала сөйлеу аппаратын кең ауқымды дыбыстарды айту үшін қажетті позицияларға орналастыру мүмкіндігіне ие болады. Егер дыбыстың артикуляциялық сипаттамасы баланың көру анализаторына қол жетімді болмаса немесе толық қол жетімді болмаса, оларға басқа қабылдау түрлерін қолдану көмектеседі. Бала әдетте өз артикуляциясындағы дәлсіздікті байқамайды, ал мұғалім оны түзетуі керек [3].

Есту қабілеті зақымдалған балалардың дыбыс шығаруы мен түзетуінде артикуляцияны көру арқылы қабылдауға сүйенуге болатын болса, есту және көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істеуде тек тактильді қабылдау қолданылады. Сондықтан, сөйлеу терапиясында көрнекі құралдарды қолдану керек. Есту және көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істегенде ерінді оқу дағдыларын дамыту мүмкіндігі жоқ, сондықтан вербалды ақпаратты жеткізудің жалғыз жолы - саусақпен теру [5].

Есту қабілеті нашар адаммен сөйлеспес бұрын, бірдеңе айтатыныңызды білдіріңіз. Оларға қарап тұрыңыз. Бұл оларға сіздің артикуляцияңызды қадағалап, барлық дауыссыз дыбыстарды естуге мүмкіндік береді. Мүмкіндігінше оларға жақындаңыз, баяу және анық сөйлеңіз, бірақ тым қатты сөйлемеңіз (есту қабілетінің жоғалуы, таңқаларлықтай, көбінесе қатты дыбыстарға сезімталдықтың жоғарылауымен бірге жүреді). Есту қабілетінің жоғалуы жоғары жиіліктерді қабылдау қабілетінің жоғалуымен байланысты болуы мүмкін, сондықтан дауысыңыздың биіктігін төмендетуге тырысыңыз. Егер адам сізді түсінбесе, бір сөз тіркесін қайталамаңыз; ойыңызды басқа сөздермен жеткізіңіз. Кейде есту қабілеті зақымдалған адамға сыбырлау арқылы үйлесімділікке қол жеткізіледі. Бұл ауызша артикуляцияны жақсартады, ерінмен оқуды жеңілдетеді [6].

Дыбыс айтылуының бұзылуының аралас түрлері кездеседі, олар сенсорлық және қозғалыс бұзылыстарынан туындайды. Мұндай жағдайларда, бір балада кейбір дыбыстардың айтылу ақаулары оларды ұқсас фонемалардан есту арқылы ажырата алмаумен байланысты ал басқа дыбыстардың айтылу ақаулары артикуляциялық

аппараттың құрылымындағы немесе жұмысындағы нормадан ауытқуларға байланысты. Кейде балада бірдей дыбыстардың айтылу ақаулары қозғалыс және сенсорлық факторлардан туындайды. Бұл белгілі бір дыбысты айту үшін қажетті артикуляциялық қозғалыстарды орындай алмау оны акустикалық жағынан ұқсас дыбыстардан есту арқылы ажырата алмаумен біріктірілгенде орын алады [7].

И. Фаттер оқытудың аналитикалық дыбыстық принципін айтылымның, әсіресе дауысты дыбыстардың анықтығына қатысты үлкен дәйектілікпен және дәлдікпен жүзеге асырды. Оның пікірінше, бұл дыбыстар айтылымды одан әрі дамытудың негізі болды. Дыбыс принципі сауаттылықты оқытудың негізін қалады. Әріптермен танысу тек дыбыстық артикуляцияны меңгергеннен кейін ғана жүзеге асты. Ф.М. Гилл ауызша оқытудың бастапқы кезеңінде мұғалімнің назарын баланың сөздік қорын байытуға және сөйлеуді меңгеру қажеттілігін дамытуға аударса, И. Фаттер дыбыстардың артикуляциясын меңгеруге және оларды айтылуы қиын фонемалардың мамандандырылған сөздік қорына қосуға назар аударды. Нәтижесінде, есту қабілеті зақымдалған бала дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерін сөздерде автоматты түрде айтуды дамытты, бұл тек көру, тактильді-діріл және кинестетикалық сезімдерден дыбыстарды тізбектей алудың фонетикалық принципіне бағынды. Оқушы ойлауды дамыту үшін емес, дыбыстарды айту үшін сөздік қорды үйренді [8].

Ауызша сөйлеуді қабылдаудағы қозғалтқыш компонентінің белсендіруші (сонымен қатар тежеуші) рөлі қабылдаушылардың артикуляциясын бұғаттау әдісін қолдана отырып, ерінмен оқу тәжірибелерінде айқын көрсетілді. Қозғалтқыш компонентінің белсендіруші рөлі тек көру анализаторына әртүрлі дәрежеде қолжетімді фонемалардың айрықша белгілерін атап көрсетуден ғана емес, сонымен қатар оған қолжетімді емес айрықша белгілерді анықтаудан тұратыны анықталды [9].

Нашар еститін 1 сынып оқушыларының артикуляциялық процессінің сипаттамасы

Теру жылдамдығы және оның техникасы, артикуляцияның анықтығы, қолмен оқу дағдысының жағдайы, сөздік қоры және оқырманның жалпы даму деңгейі теруші қолмен оқу нәтижелеріне әсер етеді [10].

Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу жағдайлары есту қабілеті нашар балалармен салыстырғанда әртүрлі. Өмірдің алғашқы айларында дауыс пен дыбыстық сөйлеуді қабылдаудың болмауы сөйлеуді кейіннен меңгеруге алғышарттар жасамайды. Дегенмен, есту қабілеті зақымдалған нәрестелерде дауыстық-артикуляциялық реакциялардың көптігі де байқалады. Есту қабілеті зақымдалған нәрестенің дауыстық және артикуляциялық реакцияларына әсері бірден байқалмайды. Өмірдің алғашқы 2-3 айында есту қабілеті зақымдалған баланың арасындағы айырмашылықтар байқалмайды. Есту қабілеті зақымдалған баланың жылауы, кейінірек ойыны оны есту қабілеті нашар баладан күрт ажыратпайды. Баланың дауыстық реакциялар процесінде бастан кешірген діріл және кинестетикалық сезімдері оған оң эмоциялар тудырады және дауыстық-артикуляциялық реакцияларды ынталандырады. Есту қабілеті зақымдалған балаларда былдырлау пайда болады, бірақ басқалардың сөйлеуін есту арқылы қабылдау және өз айтылымын бақылау мүмкін еместігі оның біртіндеп жоғалуына әкеледі. Өмірдің бірінші жылында есту қабілеті зақымдалған балаларда ауызша сөйлеуді меңгерудің генетикалық анықталған алғышарттарының

дамуы кешіктіріледі. Есту қабілетінің жетіспеушілігінен бала өмірінің бірінші жылының соңы - екінші жылының басында еститін балаларда кездесетін аз ғана сөзді меңгере алмайды.

Ерте жастағы есту қабілеті зақымдлаған балаларда ауызша сөйлеу қалыптаспайды. Дегенмен, арнайы дайындықсыз да, оларда әртүрлі дауыстық және артикуляциялық реакциялар болады. Бұл леп белгілері, баланың эмоцияларымен байланысты немесе ересектердің назарын аудару үшін қолданатын әртүрлі айтылмайтын дыбыстар (гүрілдеу, ыңырсу) болуы мүмкін. Кішкентай есту қабілеті зақымдалған балалардың дауыстары, табиғи күлкісі және жылауы болады. Кейде жеке дыбыстар сөйлеу дауыстарының сипатына ие және ерте және кіші мектеп жасына дейінгі балалар ойындарда қайталайды. Кейбір балаларда балалар өз қажеттіліктері мен тілектерін білдіруге тырысатын былдырлау байқалады. Дыбыс кешендерін қолдану қарым-қатынас кезінде қосымша тітіркендіргіштер алады, ал кейбір жағдайларда бала заттарды немесе әрекеттерді белгілеу үшін дыбыстық тіркестерді қолдана бастайды, дегенмен олар ана тілінің сөздеріне ұқсамайды және тек жақын адамдардың шектеулі тобы ғана түсінеді. Әдетте, бұл дыбыстық тіркесімдер вербалды емес қарым-қатынас құралдарымен бірге қолданылады: табиғи қимылдар, көзқарастар, заттарды нұсқау және т.б. Кейбір балалар бет пен ерінге мұқият қарайды, ересектердің артикуляциясы мен сөйлеу қимылдарын еліктеуге тырысады, әсіресе оларға үйреткен кезде. Дегенмен, сөйлеуді үйренбестен, дауыстық реакциялар саны жас ұлғайған сайын азаяды, олар біркелкі бола бастайды, кейде мүлдем жоғалады [11].

Балалардың назарын сөйлеуге және сөйлеушінің бет-әлпетіне аударыңыз. Оларға мұғалімнің заттармен және сөйлеумен әрекеттерін қайталауды үйретіңіз: анық айту; ойыншықтармен ойнау, заттармен әрекеттесу және дамытушы ойындар ойнау кезінде қысқартылған және толық сөздерді қайталау. Балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыру.

Кешенді медициналық, психологиялық және педагогикалық бағалау кезінде студенттің қозғалыс дағдыларын зерттеуге үлкен мән беріледі, бұл қозғалыс анализаторының сенсорлық функцияларды әртүрлі тәсілдермен біріктірудегі және бірыңғай сөйлеу және функционалдық жүйені құрудағы маңыздылығымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, жалпы қозғалыс дағдыларының, қол мен саусақ қозғалыс дағдыларының және артикуляциялық қозғалыс дағдыларының жағдайын бағалау маңызды.

Л.С. Выготский есту қабілеті зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, әдістерін және сөйлеу құралдарын қайта қарау қажеттілігін теориялық тұрғыдан негіздеуге айтарлықтай үлес қосты. 1920 жылдардың ортасында дефектология саласында жұмыс істей бастаған ол бірден «таза ауызша әдіске» қарсы шықты. Ол негізгі кемшілікті анықтады: оқушылар тілді дамытпады, керісінше артикуляцияны дамытты. Сондықтан есту қабілеті зақымдалған балалардың ауызша сөйлеуі «олардың дамуы мен қалыптасуына іс жүзінде ешқандай әсер етпейді және әлеуметтік тәжірибе жинау немесе әлеуметтік өмірге қатысу құралы болып табылмайды» [12].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, нашар еститін 1-сынып оқушыларының артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажырату ерекшеліктерін зерттеу олардың сөйлеу тілін дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Есту қабілетінің шектеулілігі фонематикалық қабылдаудың жеткіліксіз дамуына, дыбыстарды дұрыс ажырата алмауға және сөйлеу барысында жиі қателіктердің орын алуына әкелетіні анықталды. Зерттеу нәтижелері оқушылардың ұяң-қатаң, ысқырықты-ызың, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуда қиындықтарға тап болатынын және артикуляциялық ұқсастыққа байланысты дыбыстарды алмастыру мен шатастыру жиі кездесетінін көрсетті. Бұл жағдай олардың оқу және жазу дағдыларының қалыптасуына да кері әсер етеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында артикуляциясы ұқсас дыбыстарды ажыратуды дамытуда тиімді әдістердің қолданылуы маңызды екені дәлелденді. Еліктеу арқылы айту, артикуляциялық жаттығулар, көрнекілік құралдарын пайдалану, фонематикалық естуді дамытуға бағытталған тапсырмалар, тірек-қимыл әдістері және саралап оқыту тәсілдері балалардың дыбыстық қабылдауын жақсартып, дұрыс айтылым дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, алынған нәтижелер нашар еститін 1-сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда жүйелі педагогикалық қолдаудың, арнайы әдістемелік жұмыстардың және жеке түзете-дамыту тәсілдерінің қажеттілігін айқын көрсетеді. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында балалардың тілдік және коммуникативтік дамуын тиімді қамтамасыз етуге негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аутаева А.Н., Ахметова А.А., Бутабаева Л.А.: Сурдопедагогика негіздері. Алматы, 2011. 196 бет 59 бет
2. Аутаева А.Н.: Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру әдістемесі. Алматы, 2018 163 бет - 59 бет
3. И. М. Сеченов. Избранные философские и психологические произведения. М., Госполитиздат, 1947, стр. 264.
4. Л. В. Андреева, Д. И. Бойков. «Образование для всех»: опыт России: Аналитический обзор / Под ред. акад. Г. А. Бордовского. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. – 81 с. 52 стр
5. Апраушев А. В. Тифлосурдопедагогика: Воспитание, обучение, трудовая и социальная реабилитация слепоглухонемых. Учеб. пособие для студентов дефектол. фак. пед. ин-тов. – М • Просвещение, 1983. – 208 с., ил. 123 стр
6. Базоев В.З., Паленный В.А. Человек из мира тишины. - М.: ИКЦ "Академкнига", 2002. - 815 с: илл. 41 стр
7. Н.Н. Баль, С.П. Хабарова, И.С. Зайцев. Коррекция нарушений речи у детей с сенсорной, двигательной и интеллектуальной недостаточностью: Учебно-методическое пособие – Минск: БГПУ, 2009. - 7 с: 2 стр
8. Басова А. Г., Егоров С. Ф. История сурдопедагогике: Учеб. пособие для студентов дефектол. фак. пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1984. – 295 с., ил. 55 стр

9. Подмарева Н.Л. Чтение с губ при блокировании артикуляции воспринимающего. - "Дефектология", 1976, №6.
10. Геранкина А. Г. Практикум по дактильной речи. Пособие для преподавателей дефектолог. фак-тов пед. ин-тов. М., «Просвещение», 1972. 64 с. 19 ст
11. Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика: Воспитание и обучение дошкольников с нарушениями слуха: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. – 304 с. – 35 ст
12. Дифференцированный подходк обучению устной речи (ее восприятию и воспроизведению)

Нұрғали Жанна Адамбекқызы
Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы

Ақтау, Қазақстан)

ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҮНҒАН ТАРИХ, ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТӘРБИЕ

(Yessenov University-де өткен «Маңғыстауға қош келдің!» атты мәдени-танымдық кеш)

Аннотация. Бұл мақалада Yessenov University-ге ұйымдастырылған «Маңғыстауға қош келдің!» атты мәдени-танымдық кештің мазмұны мен тәрбиелік маңызы баяндалады. Іс-шара барысында студенттерге Маңғыстау өлкесінің бай тарихы, табиғи ерекшеліктері, тарихи-мәдени және рухани мұралары кеңінен таныстырылды. Сонымен қатар, өзге өңірлер мен шет мемлекеттерден келген білім алушылардың жаңа ортаға бейімделуі, туған жерге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру мәселелері сөз болады. Мақалада жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи мұраны құрметтеу және елжандылық қасиеттерді сіңіру бағытындағы тәрбиелік жұмыстардың маңызы айқын көрсетілген.

Кілт сөздер: Маңғыстау, мәдени-танымдық кеш, туған өлке, тәрбие, патриотизм, ұлттық құндылық, студент жастар, тарихи мұра, рухани тәрбие, Yessenov University.

Yessenov University-дің 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1 курс студенттеріне – «Маңғыстауға қош келдің!» атты мәдени-танымдық кеш өтті. Аталған шара 1 курс студенттерінің кураторы Ж.А. Нұрғалидың жетекшілігімен және белсенді студенттердің ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – Маңғыстау өлкесінің бай тарихын, табиғаты мен мәдени мұрасын студент жастарға кеңінен таныстыру, өзге өңірлер мен шет мемлекеттерден келген білім алушылардың жаңа ортаға бейімделуіне қолдау көрсету, сондай-ақ олардың бойында туған жерге деген құрмет пен патриоттық сезімді қалыптастыру болды.

«Маңғыстау – тарих пен табиғат үндескен, тұмса сұлулығын сақтаған ерекше өлке. Каспий теңізінің жағалауында орналасқан бұл өңір өзінің әсем табиғатымен, тылсым құпияға толы жер бедерімен және тарихи-рухани ескерткіштерімен ерекшеленеді. Шара барысында студенттерге Маңғыстаудың көрікті жерлері туралы арнайы дайындалған бейнеролик ұсынылып, өңірдің табиғи байлығы мен тарихи мұрасы жайлы жан-жақты мәлімет берілді.

Әсіресе Бозжыра шатқалының таңғажайып келбеті, Шерқала тауының ерекше пішіні, Торыштағы шар тастар алқабы, Қарақия ойпаты, Каспий теңізінің жағалауы секілді табиғат ғажайыптары студенттердің қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата сияқты қасиетті тарихи орындар туралы да кеңінен айтылып, олардың рухани маңызы түсіндірілді. Маңғыстаудың әрбір тасы мен қырқасы ғасырлар қойнауынан сыр шертетіндігі ерекше атап өтілді.

Маңғыстаудың киелі өлке екенін ертеден белгілі. Оның киесі, қасиетті жер екенін Қазақстанның әр аймағындағы халық жатқа білмесе де, естігені, білгені бар.

Шерқала Ақтау қаласынан 150 шақырым қашықтықта, Қаратау тізбегінің батыс бөктерінде Самал шатқалы бар. Оған жақын жерде Шерқала тауы орналасқан. Сырттай қараған адам оны әр нәрсеге ұқсатып жүр. Кейбіреулері төңкерулі кесеге ұқсатса, енді біреулер таудан кәдімгі киіз үйдің бейнесін көреді.

Шақпақ Ата жер асты мешіті – ескілікті сәулет өнерінің ескерткіші Таушық ауылынан 20 км қашықтықта орналасқан. Мешіттің батыс жағында Шақпақ атаның атымен аталатын қорым бар. Жер асты мешіті 1928 жылы республикалық дәрежеде мемлекеттік қорғауға алынды. Отпан тау Адай Ата кесенесі Маңғыстау жерінде орналасқан Батыс Қаратаудың ең биік шыңы 530 метрге жетеді. Оны Отпан тауы деп атайды. Мұндағы тарихи-мәдени кешендердің ең бастысы, Адай атаның ордасы болған – Ақсарай кешені

Бекет Ата жер асты мешіті Үш-төрт қанат киіз үйдің көлеміндей үш бөлмелі киелі мешіт. Дерекке сүйенсек, Бекет ата 1750 жылы дүниеге келген, емші, көріпкел ғана емес, физика, математика, астрономия заңдылықтарын жақсы білген ғұлама ретінде аты танылған. Бұхарада оқып, ілім жинаған соң, өз өңіріне қайта келіп, бес мешіт салдырады. Пайғамбар жасында дүние салады. Бекет атаның мүрдесі осы жер асты мешітіндегі бөлмелердің біріне қашап орналыстырылған. Қарақия ойпаты Қарақия ойпатының тереңдігі 132 метрді құрайды. Ал ұзындығы болса 50 шақырымға жетеді. Қарақия ойпаты теңіз деңгейінен 132 метр төменде жатыр. Бұл ойпат тереңдігі жөнінен дүние жүзінде 3-ші орынды алады. Сондай-ақ ойпаттың солтүстік шығысында тарихи ескерткіштер, ежелгі адамдардың қоныстанған мекені болған екен» [Дереккөз: qadam.asia].

Кеш барысында студенттер арасында түрлі танымдық ойындар, сұрақ-жауап сайыстары мен топтық тапсырмалар ұйымдастырылды. Қатысушылар белсенділік танытып, өз білімдері мен шығармашылық қабілеттерін ортаға салды. Мұндай шаралар жастардың бір-бірімен жақын араласуына, ұйымшылдық пен достық қарым-қатынастың нығаюына ықпал етті. Әсіресе басқа өңірден келген студенттердің Маңғыстау өлкесіне деген қызығушылығы артып, жаңа ортаға деген жылы көзқарасы қалыптасты.

Тәрбиелік мәні зор кеш барысында студенттерге туған жерді құрметтеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи мұраны сақтау секілді маңызды ұғымдар кеңінен насихатталды. Жастарға ел тарихын білу мен туған өлкенің мәдениетін қадірлеу – әр азаматтың парызы екендігі айтылды. Осындай тағылымды шаралар арқылы студенттердің рухани дүниесі байып, елжандылық қасиеттері қалыптасатыны анық.

Шара соңында қатысушылар өздерінің жағымды әсерлерімен бөлісіп, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. «Маңғыстауға қош келдің!» атты мәдени-танымдық кеш студенттердің жаңа ортаға тез бейімделуіне, өзара сыйластық пен достықты нығайтуға бағытталған мазмұнды әрі тәрбиелік маңызы зор шаралардың бірі болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы: Рауан, 2017.
2. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2024.
3. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997.

5. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2021.
6. «Qadam.asia» ақпараттық порталы материалдары.
7. Yessenov University тәрбие жұмыстары жөніндегі әдістемелік материалдар. – Ақтау, 2026.

Нұрғали Жанна Адамбекқызы
Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы

Ақтау, Қазақстан)

МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ – ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНІҢ РУХАНИ ӨЗЕГІ

(Yessenov University-де өткен тәрбиелік шара турасында)

Аннотация. Бұл мақалаға Yessenov University-ге ұйымдастырылған қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Есіңе мені алғайсың» атты әдеби-сазды кештің мазмұны мен тәрбиелік маңызы баяндалады. Шара барысында студент жастарға ақынның өмірі мен шығармашылығы кеңінен таныстырылып, поэзиясының рухани-эстетикалық құндылығы насихатталды. Сонымен қатар, Мұқағали жырлары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. Мақалада әдеби кештің студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудағы және олардың рухани дүниесін байытудағы рөлі айқын көрсетілген.

Кілт сөздер: Мұқағали Мақатаев, поэзия, әдеби-сазды кеш, рухани тәрбие, ұлттық құндылық, студент жастар, әдебиет, патриотизм, шығармашылық, қазақ поэзиясы.

«Филология және спорт» факультетінің 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенттерімен ауқымды тәрбиелік шаралар жиі өткізіліп тұрады.

Осындай ауқымды шаралардың бірі – 2026 жылдың 16 сәуірінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Есіңе мені алғайсың» атты әдеби-сазды кеш. Шара 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен өтті.

2026 жылдың мамыр айында 6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының студенттері арасында қазақ поэзиясының мұзбалағы, лирик ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Есіңе мені алғайсың» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Тағылымы мол рухани шараның басты мақсаты – білім алушыларға ақын шығармашылығын терең таныту, ұлттық поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыру және жас ұрпақтың рухани дүниесін байыту болды.

Кеш шымалдығы ақынның өмір жолы мен шығармашылығына арналған бейнероликпен ашылды. Жүргізушілер Мұқағали Мақатаевтың қазақ әдебиетіндегі орнына тоқталып, оның жырларының халық жүрегінен ерекше орын алғанын атап өтті. Ақын поэзиясы – адам жанының айнасы, өмір мен сезімнің, махаббат пен сағыныштың, туған жер мен анаға деген құрметтің көркем шежіресі екендігі кеңінен айтылды.

Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған ақынның шығармалары бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Оның «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің», «Фариза», «Сарыжайлау», «Үш бақытым» секілді көптеген өлеңдері мен поэмалары оқырман жүрегінен мәңгілік орын алды. Ақын

поэзиясының ерекшелігі – шынайылық пен қарапайымдылықта. Мұқағали жырларынан адам жанының нәзік иірімдері, өмірге деген сүйіспеншілік, туған елге деген перзенттік махаббат анық сезіледі.

Әдеби кеш барысында студенттер ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, поэзия әлеміне терең бойлады. Әсіресе «Есіңе мені алғайсың», «Үш бақытым», «Сенің көзің», «Мен деп ойла» атты өлеңдері ерекше тебіреніспен орындалып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар білім алушылар ақын сөзіне жазылған әндерді орындап, кештің мазмұнын тереңдете түсті. Әсем әуен мен сырлы поэзия үндестігі кешке қатысушыларға ерекше рухани әсер сыйлады.

Кеш аясында Мұқағали шығармашылығына арналған шағын сахналық қойылым да көрсетілді. Қойылымда ақынның өмірдегі жан күйзелісі, өнерге деген адалдығы мен халыққа деген шексіз махаббаты бейнеленді.

Студенттердің актерлік шеберлігі көрермендер тарапынан жоғары бағаланып, кештің тәрбиелік мәнін арттыра түсті.

Шара барысында ақынның күнделіктерінен үзінділер оқылып, оның адамгершілік болмысы мен азаматтық тұлғасы туралы тағылымды пікірлер айтылды. Мұқағали Мақатаевтың «Поэзия – менімен егіз» деген сөзі оның бүкіл ғұмырын өлеңмен байланыстырғанын аңғартатыны ерекше атап өтілді.

Ақын шығармалары арқылы жастарды елін, жерін сүюге, адалдық пен тазалыққа тәрбиелеудің маңыздылығы айтылды.

«Есіңе мені алғайсың» атты әдеби-сазды кеш студенттердің шығармашылық қабілетін шыңдап қана қоймай, олардың әдебиетке, өнерге деген қызығушылығын арттырған тағылымды шара болды. Мұқағали жырлары жастар жүрегінде мәңгі жаңғырып, ұлттық руханияттың асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретіні анық.

Мұқағали Мақатаев поэзиясы – қазақ әдебиетінің ең биік рухани қазыналарының бірі. Ақын жырлары адам жанын тербейтін шынайылығымен, қарапайым тілмен терең ой жеткізе білуімен ерекшеленеді. Мұқағали өлеңдерінің құдіреті – оның әрбір жырының халықтың жүрегінен орын табуында. Ақын поэзиясында туған жерге деген сүйіспеншілік, анаға деген құрмет, адам тағдыры, өмір мен өлім, махаббат пен сағыныш секілді мәңгілік тақырыптар кеңінен көрініс тапқан.

Мұқағали поэзиясының тағы бір ерекшелігі – оның ұлттық болмыс пен қазақы дүниетанымды терең бейнелеуі. Ақын жырларынан қазақ халқының салт-дәстүрі, табиғатқа жақын өмірі, кең даланың тынысы анық сезіледі. Әсіресе туған жер тақырыбы ақын шығармаларында ерекше орын алады. Ол Қарасазды жырлау арқылы бүкіл қазақ даласының келбетін суреттеп, туған елге деген перзенттік махаббатын көрсетті.

Ақын поэзиясында адамның ішкі жан дүниесі ерекше шеберлікпен беріледі. Мұқағали өлеңдерін оқыған сайын әр адам өз көңіл күйін, өз өмірінің бір сәтін көргендей әсер алады. Сондықтан оның жырлары уақыт өткен сайын өз құндылығын жоғалтпай, жаңа буынмен қайта қауышып отырады. Ақынның:

*«Айтып өткен ақында арман бар ма,
Жүрегінің түбіне кір жасырмай»*

деген жолдары оның поэзиядағы шынайы болмысын айқындай түседі.

Мұқағали Мақатаев шығармалары тек әдеби мұра ғана емес, рухани тәрбие құралы ретінде де маңызды. Оның өлеңдері жастарды адамгершілікке, отансүйгіштікке, адалдық пен мейірімділікке тәрбиелейді. Ақын жырларындағы терең философиялық ойлар мен өмірлік ұстанымдар оқырманды ойландырып, рухани ізденіске жетелейді.

Бүгінде Мұқағали поэзиясы халықпен бірге жасап келеді. Оның сөзіне жазылған әндер ел арасында кеңінен орындалып, әдеби кештерде, мәдени шараларда жиі насихатталады. Ақынның жалынды жырлары қазақ әдебиетінің ғана емес, ұлттық руханияттың мәңгілік мұрасы болып қала береді.

Осындай мазмұнды кештер жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларын ұлықтауға үлкен мүмкіндік береді. Ақын мұрасы – мәңгілік мұра. Сондықтан Мұқағали Мақатаев шығармаларын насихаттау, оның поэзиясын жас буынға таныту – әрбір ұрпақтың қасиетті парызы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2011.
2. Қалижанова А. Мұқағали поэзиясындағы ұлттық рух. – Алматы, 2015.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
4. Yessenov University тәрбие жұмыстары жөніндегі әдістемелік материалдар. – Ақтау, 2026.

Нұрғали Жанна Адамбекқызы
Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы

Ақтау, Қазақстан)

СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫ – ЖАЙЛЫ ОРТА МЕН ЖАРҚЫН ӨМІР МЕКЕНІ

Аннотация. Бұл мақалада студенттер жатақханасының білім алушылар өміріндегі маңызы, оның жастардың тұлғалық қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне және сапалы білім алуына ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар, Yessenov University студенттеріне жасалып отырған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, қауіпсіз орта, тәрбиелік және мәдени-танымдық шаралардың рөлі кеңінен сипатталған. Жатақхана өмірі арқылы студенттердің жауапкершілікке, тәртіпке, ұйымшылдыққа тәрбиеленуі мен рухани-мәдени дамуы сөз болады. Мақалада студенттер жатақханасының тек уақытша мекен емес, жастардың үлкен өмірге бейімделу мектебі екендігі айқын көрсетілген.

Кілт сөздер: студенттер жатақханасы, студенттік өмір, тәрбие, жастар, әлеуметтік орта, білім алушы, қауіпсіз орта, мәдени-танымдық шаралар, тәрбиелік жұмыс, студенттік орта.

Yessenov University білім алушыларына сапалы білім берумен қатар, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының қолайлы болуына, қауіпсіз әрі жайлы ортада өмір сүруіне ерекше көңіл бөледі. Университет студенттердің алаңсыз білім алып, жан-жақты дамуы үшін заманауи талаптарға сай жабдықталған жатақханалармен қамтамасыз етіп келеді.

Жатақхана – студенттің екінші үйі. Сондықтан мұнда жастардың өзін еркін сезінуіне барлық қажетті жағдайлар жасалған. Кең әрі жарық бөлмелер, оқу залдары, демалыс аймақтары мен тұрмыстық қажеттіліктерге арналған орындар студенттердің күнделікті өмірін ыңғайлы етеді. Сонымен қатар, жоғары жылдамдықтағы интернет желісі студенттердің сабаққа дайындалуына және білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Университет студенттердің қауіпсіздігіне де ерекше мән береді. Жатақхана ғимараты толықтай бейнебақылау камераларымен жабдықталып, кіріп-шығу жүйесі арнайы құрылғылар арқылы бақыланады. Тәулік бойы қызмет атқаратын күзет қызметкерлері студенттердің қауіпсіз ортада өмір сүруіне жағдай жасайды. Бұл – білім алушылар мен олардың ата-аналары үшін үлкен сенім.

Сонымен қатар, жатақхана қабырғасында студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі мәдени-танымдық, тәрбиелік және спорттық іс-шаралар жиі өткізіледі. Әдеби кештер, шығармашылық кездесулер, интеллектуалдық ойындар мен мерекелік бағдарламалар жастардың бір-бірімен жақын араласып, ұйымшыл орта қалыптастыруына ықпал етеді. Мұндай шаралар студенттердің шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың рухани және мәдени дамуына оң әсерін тигізеді.

Жылы қарым-қатынас пен өзара сыйластық орнаған студенттік орта – жастардың болашаққа сеніммен қадам басуына негіз болады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар

арқылы университет білім алушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың жайлы әрі қауіпсіз ортада өмір сүруіне жан-жақты қолдау көрсетіп келеді.

Студенттік шақ – әр адамның өміріндегі ең қызықты әрі есте қаларлық кезеңдердің бірі. Осы кезеңнің ажырамас бөлігі – студенттер жатақханасы. Жатақхана тек уақытша тұратын орын ғана емес, ол – достықтың, ынтымақтың, жауапкершіліктің және үлкен өмірге бейімделудің мектебі.

Заманауи талапқа сай жабдықталған бөлмелер, оқу залдары, демалыс бұрыштары мен қауіпсіз орта студенттердің сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Мұнда әртүрлі өңірден келген жастар бір шаңырақ астында өмір сүріп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, өзара сыйластықты қалыптастырады.

Жатақхана өмірі студенттерді тәртіпке, ұқыптылыққа және жауапкершілікке тәрбиелейді. Олар өз уақытын тиімді жоспарлап, қоғамдық ортада өзін ұстауды үйренеді. Сонымен қатар, түрлі мәдени-танымдық кештер, спорттық жарыстар мен тәрбиелік шаралар жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне ықпал етеді.

Өзім кураторлық ететін 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1 курс жекелеген білім алушылары студенттер жатақханасында тұрады. Жатақхана – студенттердің тек уақытша мекені ғана емес, олардың білім алып, жан-жақты дамуына, ортаға бейімделуіне ықпал ететін маңызды тәрбие ордасы. Әсіресе, ауыл-аймақтан келіп білім алып жатқан жастар үшін жатақхана екінші үйіне айналып, үлкен өмірге қадам басуда ерекше рөл атқарады.

Қазіргі таңда студенттер жатақханасында білім алушылардың алаңсыз өмір сүріп, сапалы білім алуына барлық қажетті жағдайлар қарастырылған. Бөлмелер заман талабына сай жабдықталып, студенттердің тынығып, сабаққа дайындалуына қолайлы орта қалыптастырылған. Жатақханада тазалық пен тәртіп мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Студенттер өзара сыйластық пен жауапкершілікті сақтай отырып, бір ортада тату-тәтті өмір сүруді үйренеді.

Жатақхана өмірінің ең қызықты тұстарының бірі – мұнда жиі ұйымдастырылатын танымдық және тәрбиелік кештер. Әртүрлі мерекелік шаралар, әдеби-музыкалық кештер, пікірсайыс сағаттары, психологиялық тренингтер мен спорттық сайыстар студенттердің бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар жастардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың белсенділігін арттырып, ортаға еркін араласуына ықпал етеді. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін кештер мен тәрбиелік кездесулер студенттердің рухани дүниесін байыта түседі.

Жатақханада интернет желісі, оқу бөлмелері, демалыс аймақтары мен тұрмыстық қажеттіліктерге арналған арнайы орындар қарастырылған. Мұның барлығы студенттердің өздерін еркін әрі жайлы сезінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жатақхана әкімшілігі мен тәрбиешілер студенттермен тығыз байланыста жұмыс жасап, олардың мәселелері мен ұсыныстарына үнемі назар аударып отырады.

Жатақхана – студенттік өмірдің ең қызықты әрі есте қаларлық кезеңдерінің куәсі. Мұнда жастар тек білім алып қана қоймай, шынайы достықты, өзара қолдауды және жауапкершілікті үйренеді. Бірге өткізген уақыт, қызықты кештер мен ортақ естеліктер олардың болашақ өмірінде ерекше орын алатыны сөзсіз.

Сондықтан студенттер жатақханасы – жай ғана тұратын орын емес, ол – тәрбиенің, білімнің, достықтың және үлкен өмірге бейімделудің маңызды мектебі.

Студенттер жатақханасы – көптеген естеліктер мен жарқын сәттердің мекені. Мұнда достық нығайып, болашаққа деген сенім қалыптасады. Бірге өткізген қызықты күндер мен қиын сәттер студенттік өмірдің ұмытылмас бөлігіне айналады.

Сондықтан жатақхана – тек тұратын орын емес, ол – студенттің тұлға болып қалыптасуына әсер ететін үлкен өмір мектебі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2021.
2. Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 2017.
3. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2024.
4. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2020.
5. Yessenov University тәрбие жұмыстары жөніндегі әдістемелік материалдар. – Ақтау, 2026.
6. Студент жастардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құжаттар жинағы. – Астана, 2022.

УДК 378.147:17:62

Сук Олена Євгенівна
Харківський національний автомобільно-дорожній університет
(Харків, Україна)

ЛЮДИНОЦЕНТРИЗМ І ПРОФЕСІЙНА ВІДПОВІДАЛЬНІСТЬ У ДІЯЛЬНОСТІ СУЧАСНОГО ІНЖЕНЕРА-ПЕДАГОГА

Анотація. У статті досліджуються гуманітарні аспекти професійно-педагогічної діяльності сучасного інженера-педагога в умовах стрімкого технологічного розвитку та цифрової трансформації суспільства. Розглядається значення людиноцентричного підходу як концептуальної основи сучасної інженерно-педагогічної освіти та підготовки майбутніх фахівців технічного профілю. Обґрунтовується важливість формування професійної відповідальності, етичної культури, соціальної свідомості та гуманітарних компетентностей інженера-педагога як наставника. Акцентується увага на тому, що сучасна інженерно-педагогічна діяльність виходить за межі трансляції технічних знань і набуває виразного соціального виміру, де фахівець відповідає не лише за технологічний результат, а й за безпеку людини, екологічні наслідки, суспільний добробут та формування ціннісних орієнтирів майбутніх поколінь.

Ключові слова: людиноцентризм, інженерно-педагогічна освіта, професійна відповідальність, гуманітаризація освіти, професійна етика, інженер-педагог, технічна освіта.

Olena Suk
Kharkiv National Automobile and Road University
(Kharkiv, Ukraine)

PEOPLE CENTRISM AND PROFESSIONAL DISTANCE IN THE ACTIVITY OF A PERSONAL ENGINEER-TEACHER

The article explores the humanitarian aspects of the professional activity of a modern engineer-pedagogue under the conditions of rapid technological development and digital transformation of society. The importance of the people-centric approach is considered as a conceptual basis for modern engineering-pedagogical education and professional training of future technical specialists. The importance of developing professional responsibility, ethical culture, social awareness, and humanitarian competencies of the engineer-pedagogue is emphasized. The emphasis is placed on the fact that modern engineering-pedagogical activity goes beyond the boundaries of technical design and knowledge transmission, creating a distinct social dimension, where the educator-engineer is responsible not only for the technological result but also for the safety of people, ecological consequences, and sustainable social well-being.

Keywords: *people-centrism, engineering-pedagogical education, professional responsibility, humanitarianization of education, professional ethics, engineer-pedagogue, technical education.*

Гуманізація професійної підготовки передбачає переорієнтацію освітніх систем на розвиток особистості кожного здобувача освіти, на урахування його індивідуальних потреб, інтересів та здібностей. Це означає акцент на формуванні навичок критичного мислення, самостійності, творчого та креативного підходу до вирішення завдань, комунікативних навичок.

Такий підхід до підготовки студентів стає все більш затребуваним в умовах швидкого розвитку технологій, глобалізації та міжкультурної взаємодії. Гуманізація освіти допомагає студентам розвивати не лише професійні навички, а й ціннісні орієнтири, етичну свідомість, уміння працювати в команді та шанобливо ставитись до відмінностей. Крім того, гуманізація підготовки студентів сприяє особистісному зростанню та самовизначенню, розвитку самоповаги та самоефективності. Це допомагає їм стати активними громадянами, здатними до саморозвитку та самовдосконалення.

Одним із основних принципів гуманізму є людиноцентризм. Цей принцип ставить людину в центр уваги, визнає її індивідуальність, автономію, здатність до розвитку. Людиноцентризм стверджує, що цілі та цінності суспільства повинні служити благополуччю кожної людини.

Сучасна технічна освіта дедалі більше виходить за межі вузької професійної підготовки та орієнтується на ідеї гуманізму, тобто на формування цілісної особистості майбутнього фахівця, що суттєво змінює вимоги до професійної підготовки інженерів-педагогів. Якщо раніше їхня діяльність переважно асоціювалася з трансляцією технічних знань та технологічних рішень, то сьогодні дедалі більшого значення набувають гуманітарні аспекти професії: соціальна відповідальність, професійна етика, комунікативна культура та здатність оцінювати наслідки власних професійних і педагогічних рішень. У сучасному суспільстві інженер-педагог уже не є лише ретранслятором технологій, він є учасником соціальних процесів, від рішень якого залежать безпека, комфорт і якість життя людей, оскільки саме він формує світогляд майбутніх кадрів для виробництва.

Особливою актуальності ці питання набувають в умовах розвитку штучного інтелекту, цифрових систем управління, автоматизованих транспортних технологій та складних технічних комплексів. Технологічні рішення сьогодні впливають не лише на виробничі процеси, а й на суспільні відносини, інформаційну безпеку, екологічний стан та моральні орієнтири суспільства. Саме тому професійна діяльність сучасного інженера-педагога дедалі більше потребує людиноцентричного підходу, який передбачає визнання людини найвищою соціальною цінністю. Такий підхід змінює саму філософію інженерно-педагогічної діяльності: технології створюються не заради технологій, а заради розвитку людини та суспільства, а освітній процес будується на засадах партнерства та поваги до гідності студента.

Особливо помітним це стає в транспортній галузі. Фахівець, який проектує транспортну інфраструктуру, створює системи безпеки руху чи бере участь у розробленні

інтелектуальних транспортних систем, фактично впливає на життя тисяч людей. Помилка в технічному проектуванні або в підготовці майбутнього робітника транспортної сфери може мати не лише економічні, а й людські наслідки. Саме тому професійна відповідальність сучасного інженера-педагога виходить далеко за межі посадових обов'язків.

Професійна відповідальність, яка передбачає усвідомлення фахівцем наслідків власної діяльності, готовність приймати обґрунтовані рішення та дотримуватися професійних і морально-етичних норм, значною мірою формується в процесі професійної підготовки майбутніх фахівців. Дослідники підкреслюють, що гуманітарна складова сучасної технічної та педагогічної освіти є необхідною умовою формування відповідального інженерного мислення та розвитку професійної культури майбутніх викладачів інженерних дисциплін. Тому особливого значення набувають академічна доброчесність, етична культура, інформаційна відповідальність та здатність працювати в умовах невизначеності. В епоху цифровізації професійна відповідальність дедалі частіше набуває нового змісту, пов'язаного з питаннями цифрової етики, використання штучного інтелекту, захисту даних та інформаційної безпеки.

Важливу роль у цьому процесі відіграє гуманітаризація технічної освіти. Її сутність полягає не у зменшенні значення фундаментальної технічної підготовки, а в доповненні професійної освіти ціннісними орієнтирами, соціальною відповідальністю та розвитком критичного мислення. Саме гуманітарні дисципліни сприяють формуванню здатності майбутніх інженерів-педагогів аналізувати складні суспільні процеси, усвідомлювати моральні наслідки технічних рішень та працювати в логіці сталого розвитку суспільства. Можна стверджувати, що людиноцентризм сьогодні виступає не додатковим гуманітарним компонентом інженерно-педагогічної освіти, а її фундаментальною ціннісною основою [1].

Цифрова трансформація суспільства, як підкреслює В. Ю. Биков, змінює не лише технології, а й вимоги до особистості фахівця, його відповідальності, культури мислення та готовності діяти в умовах постійних змін та «вимагає злагоджених дій на різних рівнях - від інституційного до національного та глобального» [2, с. 18].

У цьому контексті підготовка сучасного інженера-педагога потребує поєднання технічної компетентності із сформованим світоглядом, критичним мисленням та здатністю усвідомлювати соціальні наслідки власної професійної діяльності. Т. В. Хома доповнює характеристику професійної майстерності фахівця, підкреслюючи важливість морально-етичних якостей поряд з інноваційністю та креативністю [3].

Проблема професійної підготовки інженерів-педагогів досліджувалася багатьма вченими, зокрема Б. Арпентьевим, С. Артюхом, А. Ашеровим, О. Коваленко, М. Лазаревим, В. Г. Хоменком та ін. Аналіз праць показав наявність науково обґрунтованих підходів до розробки загальнонаукових систем змісту професійної підготовки майбутніх інженерів-педагогів. Але незважаючи на значну кількість публікацій, вимагають подальшого дослідження питання, пов'язані з етичною відповідальністю в сучасних умовах. Автоматизація виробництва, системи штучного інтелекту, автономний транспорт, цифрові інженерні рішення створюють нові можливості, але водночас формують нові моральні виклики. Інженер-педагог дедалі частіше опиняється перед

необхідністю ухвалювати рішення, які виходять далеко за межі технічних характеристик проекту або стандартних дидактичних схем. Безпека людини, доступність технологій, екологічна стійкість та відповідальне використання ресурсів стають невід'ємними складовими професійної діяльності сучасного фахівця.

Сьогодні професійна відповідальність інженера-педагога виходить далеко за межі виконання посадових обов'язків. Вона набуває ознак громадянської відповідальності, професійного служіння суспільству та усвідомлення власної ролі у формуванні майбутнього країни. Інженерно-педагогічні рішення в умовах сучасних викликів мають бути не лише технологічно й методично ефективними, а й соціально виваженими, гуманними та безпечними. Так, С. Г. Литвинова наголошує: «сучасне освітнє середовище повинно формувати фахівця, здатного відповідально діяти в умовах невизначеності, швидких змін і технологічних трансформацій» [4]. Ця теза особливо актуальна для інженерно-педагогічної освіти, оскільки професійні рішення майбутніх фахівців дедалі частіше визначатимуть якість життя людей та перспективи розвитку держави. Дослідженню впливу людиноцентричної ідеології на функціонування української держави в умовах цифрової трансформації присвячена робота М. Кравченка [5].

Актуалізація питання професійної діяльності майбутніх інженерів-педагогів розширює традиційні виміри розуміння поняття відповідальності і спонукає до пошуку стратегій посилення відповідальної поведінки і введення дієвих санкцій за її порушення. Традиційне розуміння відповідальності інженера зводилося до виконання службових обов'язків. В американській науково-педагогічній думці оформилися декілька підходів до трактування поняття «професійна відповідальність»: як особистісне утворення, що допомагає ідентифікувати себе з представниками професійної спільноти і відповідно виконувати якісно всі професійні обов'язки; як інституційна норма для певної групи фахівців; як результат дотримання норм і правил етики [6].

Саме тому професійна підготовка майбутніх інженерів-педагогів має базуватися на поєднанні фундаментальних технічних знань із гуманітарними засадами професійної діяльності. Такий фахівець майбутнього - це експерт, здатний не лише створювати технології та навчати інших, а й відповідально оцінювати їхній вплив на людину та суспільство.

Өмірге келген жас бөбек, сәбиге жарасымды ат қойып, есім беру – келе жатқан ата дәстүр, дағдылы әдет. Есімдердің әдетте адамды екінші адамнан ажырата білу үшін

қойылатыны хақ. Ұлы Гомер: «Есім дегеніміз алуа-шекер сыйлық. Ал сыйлық пен тарту адам үшін зор қуаныш» деген екен. Адам үшін өмірлік, шексіз қуаныштың бірі – уақыт, дәуір талабына, өз талғамына сай келетін айшықты да сұлу, мәнді де мәнерлі есім иемдену екені даусыз. Ескіліктен келе жатқан өмірлік маңызы зор бұл мәселе өз мәнін бүгін де жойған жоқ, әлі де маңызды, аса өзекті қалпында қалып отыр.

Жер бетін мекендеген әрбір халықтың ұлттық болмысына, тарихына, діліне, тіліне, тұрмыс-тіршілігіне негізделген ұлттық болмысын танытатын сан ғасырлық наным-сенімдері, тыйымдары, әдет-ғұрыптары бар. Қазақ халқы ата-баба дәстүрін, әдет-ғұрпын ұқыпты сақтап, ұмытуға жол бермей, күнделікті өмірде үйлесімді қолданып келе жатқан халықтардың бірі екені сөзсіз.

Дәстүр – тарихи дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, қоғамда немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталған әдет-ғұрып, әлеуметтік құрылымдар, идеялар мен құндылықтар, мінез-құлық нормалары мен әлеуметтік-мәдени мұра элементтері болып табылады.

«Дәстүр» – салт-дәстүрге айналған салт, ырым.

«Дәстүр» – этникалық топтың өмірін сақтау мақсатында саналы түрде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан материалдық және рухани мәдениеттің, қоғамдық немесе отбасылық өмірдің құбылысы [3].

Ат қою, балаға есім беру (ғұрып) – ат қою қазақ халқының ең салтанатты ғұрыптарының бірі. Бұл жаңа туған нәресте мен оның ата-анасы, отбасы, туыстары мен достары үшін ерекше мереке. Осы бала болашақта лайықты азамат болып өссін деген тілекпен қазақ халқы оның есіміне ерекше мән берген. Бүлдіршінге халық үшін маңызы бар атақты адамдардың, атақты ақындардың, шешендердің, батырлардың есімдері берілген.

Қазақтар балаға есім беру салтанатты рәсіміне ерекше мән берген. Балаға әдемі есім немесе белгілі адамның атын қоюға тырысады, ол сол адамға ұқсағанын қалайды. Бұл ретте ырымды құрметті адамдарға тапсырып, жаңа туған нәрестеге (батаға) бата береді. Ата-ана баласына ұлылар мен әулиелердің есімдерін атаудан қашады. Бұрынғы заманда есімдер көбінесе бала туылған кезде болған жағдайларға байланысты қойылып отырған.

Азан шақырып ат қоюда, балаға есімді әкесі, атасы немесе үйдің үлкенін қойып, ілімі көп адам баласын қолына алып, құбылаға қарай бұрылады. Баланы басқа адам ұстаса да болады, түрегеп тұрып оң құлағына азан, сол құлағына қамат оқылатын болған Есімді баланың екі құлағына үш рет қайталаған дұрыс. Азан оқитын адам баланы жастық сияқты жұмсақ нәрсеге қойып құшақтайды. Бірі баланы қолына алады, бірі азан оқиды. Бір хадисінде Шариф: «Жаңа туылған нәрестенің оң құлағына азан, ал сол құлағына «Умму Сибиан» оқылса, аурудан сақтайды» (Тәңір) деген [4].

Ғасырлар бойы қалыптасып, халық тарихымен бірге жасап келе жатқан есімдерді профессор Т.Жанұзақ бірнеше лексикалық топқа бөліп [3], қазақтың күнделікті тіршілігімен, қоршаған ортаны тануымен, баланың өмірі жарқын, әдемі, ғұмыры ұзақ, бақытты, өзі сондай зейінді, ақылды, парасатты, алғыр, көреген, алып тұлға, зор денелі, бойында ізеттілікпен, әдептілік қалыптасқан, көз тимей аман жүрсін деген ниетте

қойылған есімдерді жіктеп көрсетті. М, *Ақмарал, Гүлайым, Тастемір, Томирис, Ажар, Тұрар, Тоқтасын* т.б.

Қазақ отбасында ұл мен қызға бірдей есімдер қойылатын сәттерде жоқ емес. Мысалы: *Ардақ, Жанат, Асыл, Асылжан, Бағдат, Мереке, Бекзат, Бақыт, Рауан, Тұрсын, Нұржан, Аңсаған, Айшуақ, Сағыныш, Дигар*. Бұл есімдерді біз ер адамнан да, нәзік жанды сұлу бойженткеннен де кезіктіре аламыз.

Есімдерге қарап Қазақстанның басынан өткерген тарихи кезеңдерді байқауға болады. М, *Совет, Октябрь, Кеңес, Майдан, Пионер*. Бұл есімдердің барлығы Кеңес заманында қойылған. Қазіргі таңда ата-аналар балаларын бұндай есімдерді қоймайды.

XX ғ. бас кезінде және егемендікке қол жетіп, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейінгі жаңа есімдер саны көбейе түсті. Тіліміздегі кісі есімдерінің шығу, пайда болу жағынан бір дәуір, бір заманға ғана тән еместігі анық байқалады. Тәуелсіздік жылдарында ең көп қойылған есімдердің бірі-*Нұрсұлтан*. Сонымен қатар, *Елбасы, Нұротан, Нұрлыжол, Астана, Теңге, Мәңгілік, Ақорда, Бәйтерек, Мәслихат, Мәжіліс, Сенат* есімдері де кездеседі. Бұл есімдер еліміздің тәуелсіздігінің тарихи бейнесі.

Қазіргі таңда біздің қоғамда діни, тарихи есімдерді қою көптеп кездеседі. Себебі тіл қоғамға байланысты өзгеріп отырады. Қоғамымызда діннің қайта жанданып тұрған кезі. М, *Мұхаммед, Ислам, Ибраһим, Абдуллах, Әли, Илияс, Ғани, Ханифа, Хадиша, Халима, Фатима* т.б. қойылған есімдерден байқай аламыз. Пайғамбарларға ұқсасын, солардың жолын қусын деген ниетте осы есімдер көп қойылуда. Сонымен қатар, толықтай діни есімді қою «балаға ауыр болады», «бала ол есімді көтеріп жүре алмайды», «балаға ондай есім қою-үлкен сынақ», «бала ол есімге лайықты түрде өмір сүруі керек»-деген, сынды пікірлерде қоғамда баршылық. Сол үшін *Мұхаммедтің* алдына нұр, дін сөздерін жалғап қояды. М, *Нұрмұхаммед, Дінмұхаммед*. Демек, діни есімді толық қоймай оның алдына сөз қосады. М, *Нұрислам, Әлинұр, Әлихан, Байахмет, Байғали* т.б. Бұл дәстүрді біз сонау Ұлы ақын Абайдың атынан-ақ байқап тұрмыз. Жеңгелерінің Абайды «Телғара» деп атауы түсінікті, қарт әже Зере пайғамбардың есімін тікелей атамай, қазақтың салт-дәстүрін ұстана отырып «Абай» деп атап кеткен. Екінші бір себебі, арабтың «Илаһ» сөзі біздің тілімізде «лайым» болып айтылады. «Ибраһим» есімі «Ыбырайым» ретінде кең қолданысқа енген. Бауыржан Мырзақұлдың айтуы бойынша, қарапайым халық өз тіліне ыңғайлап алған. Жасы келген Зереде өз немересін «Ыбай-Ыбай» деп еркелетіп, артынан бұл есім Абай деп өзгеруі әбден мүмкін дейді. *Ибраһим – Ыбрайым – Ыбырай – Ыбай – Ыбай – Абай* болып өзгеріске ұшыраған [5].

Есімдері өзгеріске ұшыраған басқада тарихи тұлғалар бар. М, *Ыбырай Алтынсарин-Ибраһим, Шоқан Уалиханов-Мұхаммед-Қанафия, Сәкен Сейфуллин-Сәдуақас, Мұқағали Мақатаев-Мұхаммедқали, Бейімбет Майлин-Бимұхаммед, Қаныш Сәтбаев-Ғабдулғани* т.б.

Тарихи есімдердің көшін - *Әлихан* бастап тұр. 2023 жылдың рейтингінде көш бастап тұрған бұл есімді 1420 ұл бала иемденген [6]. *Ахмет, Жаһанша, Халел, Абылай, Бейбарыс, Томирис* деген есімдер кездеседі.

Бұл есімдерден бөлек біздің өмірімізде өз балаларына елімізде болып жатқан яки болған саяси немесе күнделікті жанұядағы оқиғалар мен спорттық сайыстарға байланысты есім берген ата-ана да кездеседі. Мысалы, Қазақстанда тұңғыш рет 2011

жылы ұйымдастырылған Қысқы Азия ойындар уақытында елімізде туған 40 нәресте Азия есімін иеленген. Сондай-ақ, елімізде *Саммит* есімді 22 ер бала, *Саммита* атты үш қыз, 15 *Саммитхан* бар. Мемлекеттік маңызы бар оқиғаларды қалт жібермейтін әулетте Астана, Нұрлыжол деген есімдер де кездеседі. «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесінің құрметіне бір балаға *Бәйдібәкспо* есімі қойылған.

Ромео, Теңіз, Эдельвейс, Ақсақал Арыстанбек, Саммидастана, Эверест, Нұрпрезидент, Інжу-Маржан, Бай-Арыстан, Еңлік Сұлу, Бриллиант, Офелия, Нью-Йорк, Рим, Атланта сынды ерекше есімдер де кездеседі.

Кино сүйер қауымда Фильм, Драма, Телехикаяның кейіпкерлерінің есімдерін беріп жатады. М., *Шехризат, Кемал, Дениз, Севил т.б*

Кей есімдерге шариғат тұрғысынан да, тілдік тұрғыдан да тыйым салынатын кездер болады. Пайғамбарымыз Алла Тағалаға қарсы келетін мағынаны білдіретін есімдерді қоюдан тыйған.

«Құл» деген мағынаны білдіретін «абдун» сөзін Алла Тағаланың есімі мен сипаттарынан басқа атауларға тіркеуге болмайды. Мысалы, Абдулузза – «Уззаның құлы» (Узза Исламнан бұрын табынатын пұттың аты болған), Абдулқағба – «Қағбаның құлы» деген сияқты есімдер.

Алла Тағаланың көркем есімдерін сол күйінде балаға есім етіп беруге болмайды. Мысалы, *Алла, Рахман, Халик, Ахад, Разик, Бәрии, Раббы* деген сияқты.

Жын-шайтандардың, көпірлердің, дінсіздердің көсемдері мен тағы басқа халық арасында жаман жағынан танылған кісілердің аттарын қою да мұсылман баласы үшін дұрыс емес. Мысалы, *Ібіліс, Ифрит, Перғауын, Наман, Жалұт, Әжүж, Мәжүж, Хосрау, Цезарь, Ленин, Сталин, Энгельс, Маркс, Тельман, Дарвин, Коммуна, Партия* тағы басқа.

Сонымен қатар «Патшалардың патшасы», «Әкімдердің әкімі», «Сұлтандардың сұлтаны» деген мағынаны білдіретін есімдер [7].

Қорытындылай келе, баланың есімі оның өмірлік жолдасы болғандықтан, ат қойғанда, көркем, мән-мағынасы жоғары, жақсы есімдерді таңдаған абзал. Балаға әдемі есім беру ата-ананың өмірдегі ең басты парызы болып табылады. Әдемі есімі бар баланың өмірі де әдемі болмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://optymistychna.com/ru/news-ru/islandtsy-ne-imeyut-familij>
2. Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009. – 550 б.
3. Қалыбекова А. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. – Алматы: БАУР, 2011. – 485 б.
4. Бимурзаев Н. Бақыттың кілті Жанұя. – Алматы 2021. – 232 б.
5. <https://abaialemi.kz/post/view?id=1315>
6. <https://kaz.zakon.kz/amp/kogam-tyyny/6002260-kazakstanda-balaga-en-kop-koilylatyn-esimder.html>
7. <https://sputnik.kz/20181013/bala-esim-top-20-7589294.html>

Мұқтар Т.Т.
пед. ғ. магистрі,
Жолаева Г.Б.
пед. ғ. магистрі

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
(Қарағанды, Қазақстан)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИФОЛОГИЗМНІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада фольклор мен көркем әдебиеттің өзара байланысы және қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологизмнің көркемдік қызметі қарастырылады. Мифологиялық танымның әдебиеттегі көріністері, дәстүрлі мифтердің жаңаша интерпретациясы мен авторлық миф жасау ерекшеліктері талданады. Мифтің ұлттық дүниетаным мен мәдени жадыны сақтаудағы маңызы айқындалады.

Кілт сөздер: фольклор, әдебиет, миф, мифология, мифологизм, мифопоэтика, архетип, ұлттық дүниетаным.

Әлем әдебиетінің даму тарихында фольклор мен көркем әдебиеттің байланысы маңызды орын алады. Кез келген халық әдебиетінің бастауы халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты. Фольклор ғасырлар бойы ұлттың дүниетанымын, тарихи жадын, эстетикалық талғамын сақтап, көркем әдебиеттің қалыптасуына негіз болды. Қазақ әдебиеті де осы заңдылықтан тыс емес. Әсіресе жаңа жазба әдебиеттің қалыптасу кезеңінде фольклорлық дәстүрлер көркем шығармашылықтың басты қайнар көзіне айналды. Қазақ әдебиетіндегі фольклорлық мұраның көркем әдебиетпен тоғысуы жаңа әдеби бағыттардың пайда болуына ықпал етті.

Әдебиет пен фольклордың байланысы – әлем мәдениетінің өркендеуіндегі негізгі заңдылықтардың бірі. Дүниежүзіндегі қандай әдебиетті алып қарасақ та, оның түпкі негізі – фольклор екенін көреміз. Сондықтан әдебиеттегі фольклоризм барлық әдебиеттің тарихы мен теориясын зерттегенде де, жеке ақын-жазушылардың шығармаларын талдағанда да көрнекті орын алады. Қазақтың халық ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетінің шын мәніндегі алғашқы шығармашылық тоғысуы Абай поэзиясынан, яғни жаңа дәуір әдебиетінен айқын көрінді. Бұл кездесу жаңа қазақ әдебиетінің туып, қалыптасуында тарихи рөл атқарғандығы күмәнсіз. Абай бастаған жаңа көркем әдебиет, бір жағынан, фольклордан алшақтай отырып, екінші жағынан, одан мол сусындады.

Әлбетте, фольклорға арқа сүйеу Абайдан бұрынғы авторлық ауыз әдебиетінде де, жазба мәтіндерде де орын алғаны даусыз. Сонау түркі заманындағы тасқа қашалған текстерде, орта ғасырдағы қолжазба шығармаларда фольклордың әсері анық байқалады. Осы байланысты тарихи тұрғыдан қарасақ, халық поэзиясының көркемдік, идеялық, стильдік ерекшеліктері әр дәуірдегі әдебиетте әртүрлі мақсатта, әртүрлі формада қолданылғанын көреміз және бұл қолданыс бірде табиғи, бірде мақсатты түрде жасалғанына көз жеткіземіз. Әрине, бұл байланыс бір типті және үнемі тығыз болмаған. Әрбір тарихи кезеңде әдебиет пен фольклор бір-біріне әрқилы мақсатпен ықпал етіп отырған, олар кейде өзара жақындасып, кейде бір-бірінен алшақтап жүрген – бәрі белгілі

бір дәуірдің, қоғамның сұранысына және сол шақтағы әдебиеттің көркемдік даму деңгейіне байланысты еді. Бұдан шығатын қорытынды - әдебиет пен фольклордың ара қатынасы өте күрделі процесс, осы үдерістің тарихын, даму барысын зерттеу әдебиеттану үшін де, фольклортану үшін де аса маңызды проблема.

Фольклордың әдебиетке, әдеби шығармаға енуі үнемі біркелкі, ылғи да автордың әдейі солай істеуімен байланысты бола бермейді. Орыс ғалымдары мынадай заңдылықты байқаған екен: а) фольклор элементтері әдеби шығармаға бейнеленіп отырған объектінің атрибуты болғандықтан енетіндігі; ә) олар фольклорлық дәстүрдің өзінен тікелей алынбай, әдебиетте бұрын қабылданып, сіңісіп кеткендіктен кірігуі. б) жазушының фольклорға әуестігінен емес, оның ұлттық болмысынан, ұлттық психология мен тілдік табиғатынан туындаған себепті болатындығы.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында дүниеге келген біраз шығармаларда фольклорды пайдалану мүлде жаңа үлгіде, жаңа қарқында көрінді. Әсіресе, екі ғасырдың тоғысында дүниеге келген шығармаларда фольклор әрқилы мақсатта пайдаланылып, әрқилы қызмет атқарып ғана емес шығарманың біртұтас мазмұнының өзі, кейіпкерлердің болмысы түрінде де көрінеді. Екінші сөзбен айтқанда, фольклордың белгілі бір сюжетін қолданумен ғана шектелу жоқ, ендігі романдарда, кейде повестер мен әңгімелерде де, поэма-өлеңдерде де фольклорлық сана мен фольклорлық ойлаудың архитиптері, кейіпкерлердің санасынан көне жайттар, тарихи генетикалық жадының тереңінде жатқан фольклорлық-мифологиялық ұғым-түсініктер, түйсіктер кең пайдаланылады. Ал, бұл жағдай әдебиет пен фольклор жаңа дәуірде жаңаша, жаңа деңгейде байланыс жасауда деген ойға жетелейді [1].

Әсіресе миф белгілі дәрежеде, әдебиет үшін көркемдік әрі танымдық қызмет атқарып келді және бұл қызметін әлі де жалғастыруда. Әдебиет пен мифологияның байланысын, қарым-қатынасын жан-жақты зерттеген Ю.М. Лотман, Е.Е. Мелетинский, А.А. Потебня, Х. Кессиди, О.М. Фрейденберг, А.А. Лосев, М. Лифшиц, М. Эпштейн, Е.Н. Козубовская, В. Хализев сияқты шетел ғалымдары.

Қазақ әдебиеттануында миф пен көркем әдебиеттің байланысы кейінгі кездерде қолға алынып зерттеліп жүр. Десек те, мифология мен әдебиеттің байланысын, мифтік ойлау мен көркемдік ойлаудың ұштасуын зерттеп қарастырған біраз еңбектер де бар. Оларға А.Жақсылықовтың «Қазақ әдебиетіндегі діни мазмұнды шығармалардағы әуен, идея және образдар, Ж.Ә. Аймұхамбеттің «Миф. Мифология. Мифопоэтика» еңбегін, Г. Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем» атты докторлық, А. Мәуленовтің «Қазіргі қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркемдік қызметі», Л. Мұсалының «Символ және оның көркемдік қызметі», Г. Шаинованың «Роллан Сейсенбаев прозасындағы мифологизм» атты кандидаттық диссертацияларын атауға болады.

«Кейінгі жылдардағы зерттеулер бойынша мифтің әдеби туындылардағы көрінісін зерттеп, олардың пайдаланылу жолдарына түрлі классификация жасалды. Ең алғашқы классификацияны Е.М. Мелетинский, З.Г. Минц, Ю.М. Лотман сияқты ғалымдар жасаған. Келесі классификацияны М.Н. Эпштейн жасады. Одан кейін осы аталған ғалымдардың классификацияларына сүйене отырып, Д.Н. Низамиддинов қазіргі әдебиеттегі мифологизмнің қолданылу формаларын төмендегідей етіп топтастырды».

Бірінші: дәстүрлі мифтік сюжеттер мен образдарды пайдалану. Осы алғашқы форманың өзі екі түрлі сипатта көрінеді:

а) дәстүрлі мифтік сюжеттер мен образдарды талдау, түсіндіру (интерпретация).

ә) дәстүрлі мифтік сюжеттер мен образдарды өзгерту, ауыстыру (трансформациялау) [1].

Мифологизмнің қазіргі әдебиетте қолданылуының екінші жолы – авторлық мифтердің шығарылуы. Авторлық мифтердің дүниеге келу жолдары әр түрлі десек те болады. Онда миф ақын немесе жазушы мақсатына орай туады. Қазақ әдебиетінде авторлық мифті тудырушылар қатарына М.Ж. Көпеев, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Ә. Найманбаев т.б. ақындарды атауымызға болады. Авторлық мифтер көбіне символикалық шығармаларында кездеседі. Авторлық мифтер туралы айтқанда Лермонтов, Гоголь, А. Белый шығармаларымен бірге қазіргі заманнан Ш. Айтматов, Ф. Искандер, А. Ким, О. Бөкей шығармаларын айтуға болады.

Қазіргі әдебиеттегі мифтің үшінші формасы – мифологиялық стильдендіру (стилизация). Мифологиялық стильдендіру туралы ең алғаш ой айтқан Я.Э. Голосовкер былай деді: «Автор шығарманы мифтендіргенде мифтен бастау алған теңеу, метафораларды қолдануды көздемейді, бірақ оларды белсенді түрде пайдаланады», - дейді. Мифологиялық стиль сипаты – мифологиялық метафораларды сол қалпында көркем мәтіннің бір компоненті ретінде қолдану.

Сөйтіп, ғалым Низамидинов өзінің алдындағы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып мифологизмнің қазіргі әдебиеттегі үш түрлі сипатын ашып көрсетеді.

«Зерттеушілер миф пен көркем жазба әдебиетпен байланысын екі түрлі аспектіде болатынын айтады: 1) эволюциялық және 2) типологиялық. Эволюциялық аспект мифті қарастырғанда жазба әдебиеттің тарихи құбылыс түрінде пайда болуына дейінгі сананың тұрақты бір даму бөлігі ретінде алады. Бұл көзқарас бойынша қарасақ әдебиет мифтің ең алғашқы түрлерімен емес, соңғы өзгеріске түскен түрлерімен байланыс жасайды және әдебиет мифтің белгілі бір дәрежеде өзгеруіне ықпал етеді.

Ал типологиялық аспекте миф пен жазба әдебиет әлемді танып-білу мен сипаттаудың екі түрлі әдісі ретінде қаралады. Бірде екеуі қатар жүрсе, енді бірде екеуі екі түрлі сипатта көрінеді. Яғни бұл кезде мифология өзінің басты ерекшелігін жоғалтқан жоқ [2].

Фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы ұлттық мәдениеттің дамуы мен сақталуының маңызды тетігі болып табылады. Қазіргі қазақ әдебиетінде мифологизм жаңа сипатқа ие болып, көркем шығармалардың идеялық және эстетикалық мазмұнын байытуда маңызды қызмет атқарып келеді.

Миф қазіргі әдебиетте тек көне мұраның қалдығы емес, ұлттық дүниетанымды танытатын, тарихи жадыны сақтайтын және заманауи мәселелерді көркем тұрғыдан бейнелейтін маңызды мәдени құбылыс ретінде көрінеді. Сондықтан мифологизмді зерттеу қазақ әдебиеттануының өзекті бағыттарының бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. - Алматы: Арда, 2011. – 486 б.
2. Аймұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография. – Астана: Фолиант, 2016. – 184 б.

Жеткизгенова А.Т.
Есенов университетінің қауымдастырылған профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты
(Ақтау, Қазақстан)

ҒЫЛЫМҒА ҒҰМЫР АРНАҒАН ҒАЛЫМ ҚЫЗ – ҚАНЫГҮЛ

Қаныгүл Әбдібекқызы Жаманбаева – Маңғыстау өңірінен шыққан алғашқы ғылым кандидаттарының бірі. Өңірімізден шыққан қаракөз көзді қарлығаш қыздың арманы – қазақ когнитивті лингвистикасының негізін салып, тамыры тым тереңде жатқан ғылымын өркендету еді.

Ғылымның алтын тұғыры болған Қазақстан Ғылым академиясының құт мекені – Алматы қаласына ізін басып, жолын жалғауға келген Маңғыстаулық жас ғалымдарға қамқорлығының, жылы сөзінің өзі қаншама қуат бергені туралы елжірей айтқандардың көбі аға буын қатарына өтті.

Мақаламызда ғалымның ғылыми еңбектерінен бөлек шығармашылық ізденісте болғандығын айқындайтын жазушылық шеберханасынан табылған «Үлкен жолдың адамы» туындысымен бөліспекпіз.

Қаныгүл Жаманбаеваның «Үлкен жолдың адамы» повесі мен «Қыз Құндыз», «Қара гүл», «Айдос батыр» ертегілері ғалымның жазушылық қырын айқындайтын айрықша шығармашылық табысы болып саналады.

Бастан-аяқ психологиялық, сезімдік құбылысқа құрылған шағын ғана «Үлкен жолдың адамы» повесі шып-шымырлығымен қоса шытырман ойлы.

Көркем мәтіндегі басты қағида болып саналатын адамды тану қағидасы – заңдылық. Автор – адам, автор – кейіпкер, автор – оқырман, авторлық сана үстемдігі деген ұғым-түсініктердің «Үлкен жолдың адамы» повесінде өзіндік орны сарапталды.

Шығармада оқушы қыздар мен ұлдар арасындағы конфликті астар мен тұспал арқылы контраст суреттеулермен берілген. Контраст сөзінің мағынасы қарама-қарсы, салыстыру, кереғар ұғымдарымен тығыз байланысты екендігі белгілі.

Әдебиеттегі көркемдіктің бірі – контрасты (қарама-қарсы) бейнелеу. «Ұлдардың бөлмесі жүдеу. Есік жақтағы бір шкафтың есігі жоқ. Әр жеріне сыр тамған. Стол терезе жақта. Қоңыр жолақты сары перденің шетінен 2 ілгіші үзілген, онысы салбырап тұр. Кереуеттердің арасындағы тумбалар да қақпасыз. Ішіндегі қағаздар бей-берекет. Серікқалидың бас жағындағы ілулі әдемі домбыра болмаса, қабырға жап-жалаңаш.

Көңілсіз бөлме. Тіпті төсектің жабындыларының көнетоздығы сондай – көзге кір сияқты көрінеді» деп көңілсіз көрініспен қарсы алған бөлме тұрғындары да Аманды жатырқай, тіпті жақтырмай қарсы алады. Олар тіпті Аманның сөзін ықылассыз жүре тыңдаған қалып танытады.

Сұрқай бояулы сұрықсыз бөлмеге келгендегі шаруасы оңынан орала қоймайтыны оқырманға осы тұста сезіліп қалады. Пушкиннің «Балықшы мен балық» ертегісіндегі шалдың тойымсыз, дүниеқоңыз кемпірінің жұмсауымен сұрамсақтанып, қайталап келген сайын, теңіз қалпы өзгеріп «Жыбырлап судың беті шимайланып», «Бұзылып судың түсі лайланып», «Қарайып теңіз беті түнереді» де, ең соңында «Қара бұлт, қара дауыл

толқынды айдап, Сапырып теңіз суын, желдетіп» жіберіп, кемпірді баяғы таз қалпына түсіретін құдіретті құбылыстың әсері бар шығармада. Алтын балықтың тоқтаусыз жалғаса берген шал тілегін орындамай, кілт тоқтатата салуы табиғат құбылысымен астарланса, «Үлкен жолда» повесінде Аманның ұлдар мен қыздар арасын ымыраға келтіріп, татуластыруды көздеген мақсаты тура осы жолы жүзеге аспайтындығы контраст суреттеулер арқылы тұспалдап жеткізіледі.

Дегенмен, жүдеу, солғын бояулы бөлмеге көрік беріп тұрған жалғыз дүние бар. Ол – Серікқалидың бас жағында ілулі тұрған әдемі домбыра. Автор осы домбыра арқылы әлсіз ғана үміт сәулесін жылтыратып кетеді. Осы орайда ұлтымыз үшін құндылық саналатын домбыра деталін сәтті енгізген.

Тихонямен төбелесіп, беті көгеріп, бұзық бала атанып жатқан кейіпкеріміздің досы да, сырлас, мұңдасы да – қазақтың қара домбырасы.

Мүмкін Серікқали домбыра шерте отырып, іштегі мұңын азайтып, шерін тарқататын да шығар. Баланың көкірегінде тұнған ащы өксіктің себебі – әке-шешелері не туыстары өкпе ауруына шалдыққандықтан, отбасынан оқшаулап, қауіпсіздік мақсатында интернатта тәрбиелеу деген аты ғана, үнемі кекету, Домбыраның иесі Серікқали болуы да тегін емес.

Контраст көрінісі бір-біріне мүлдем қарама-қарсы заттар мен құбылыстарды бірге алып қараған кезде жаңа бір сезім тудырады. Ұлдардың бөлмесінен көңілі түсіп, жайсыз әсермен шыққан Аманды қыз балалардың бөлмесі әндетіп, жылы атмосферамен қарсы алады.

Повесте: «Мұнда ер балалардікіндей сұрғылт емес, кіріп келгенде, кең, жарық, әрі тап-тұйнақтай бөлме көңіліңді сергітеді. Бейсауат жатқан дүние жоқ, бәрі орын-орнымен үйлесім тапқан, жарасымды-ақ. Перделері де әдемі. Бір бөлмеде он қыз. Кереуеттерді төрге қатарластыра тізіп қойған. Бергі алаңқай бос. Ортада үлкен стол. Қабырғамен жапсарлас шкафтарда киім-кешек, кітап, қағаз. Бар мүлік сонда. Шкафтардың есігі де көп, шамасы, бұл жатын бөлме емес, кезінде оқу залы болса керек» деген үзінді арқылы шығармаға көркемдік-эстетикалық қасиет дарыта отырып, нақты деректі құбылыстарды оқиғалық негіздермен байланыстырады.

Осы контраст суреттеу Аманның практика басталған күні-ақ ұл балалармен тіл табыса алмауын меңзеп, екі ортадағы тартыстың жуық арада ымыраға келе қоймайтын қаупін танытады.

Шығарманың тұтас мазмұнында Аманның жадыраған, жарқыраған көңілді сәтін кездестіру қиын, ондай элементтер жоққа тән. Жақсы баға алуды ойлап, класс жетекшінің айтқанына амалсыз көніп отырған құрбысы Сараға Аманның: «Байқайсың ба, біз осы оқушымен емес, мұғаліммен жұмыс жүргізетін секілдіміз. Мысалы, екеуіміздің де ойымызда: Жаңылдың сол жағынан шығып қалмаудың жайы. Бір нәрсе істесек, балаға ұнай ма демейміз, тіпті олардың пікірімен санаспаймыз да, жетекшінің не методистің көңіліндегідей болса деп қылпылдаймыз» деген сөзі оның үнемі ой үстінде, шешімін таба алмай қиналып жүруінің себебін айқындағандай. Аманның ойында ылғи да интернат балалары, оның ішінде Серікқалимен тіл табыса алмай шиеленісе түскен қарым-қатынастары тұрады.

Автор Аман бейнесіне арнайы тоқталып, сипаттап жатпайды. Аманның рухы биік, әділдікке сенімі берік, ой-ниеті таза жан екендігін шығарма бойында оның ойлары, пайымдары танытып, биікке алып шығады.

Аман бар ықыласымен Серікқалиды жан-жақты зерттеп, мінез-құлқының бағыт-бағдарын айқындап, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алуға тырысады. Серікқалидың кейбір қылықтарына түсінбей дал болып отырса да, адами фактордан бір елі ажырамайды. Аман өте таза, болашақта өз ісінің майталман маманы болатын ұстаз. Осы орайда ұлы педагог А.С. Макаренконың: «Тәрбие – баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде», – деген пікірін негізге ала отырып, баланың, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал екендігін мойындатып тұрған ұстаз Аманды танымыз.

Тіпті оны практикаға қойылатын төмен баға да қызықтырмайды, Класс жетекші Жаңылдың Назгүл деген оқушы қызды басы-көзіне қарамай тілдеп жатқанына шыдамай ара түседі, айтарын айтып қалады. Тіпті Жаңылдың жүзін көрмей кетеді,

Аман Серікқалидың әрбір қимыл-қозғалысынан, сөзінен тек жақсылық көруші ретінде көрінеді.

Аманның оқушылармен алғашқы кездесуін автор: «Ұзынды-қысқалы бес бала кітап-дәптерлерін қолтықтарына қысып, самбырлай сөйлеп, төмен түсіп келеді екен. Аманды көріп бұған самарқау көз тастады да, әңгімелерін тия қалысты. Баспалдақта ығысып, жол ашқандарымен, тілге келмеді, ешқайсысы амандаспастан, жанынан сырғып өте берді» деп бастайды. Бір таңғаларлығы ұл балалардың осы самарқаулығы практикадан өтуге келген студенттерге келгенде үдеп кетеді. Класқа кірсе де, бөлмесіне іздеп барса да, әйтеуір осы самарқаулық, немқұрайлылық еңсені басады да тұрады. Қашан көрсе де алдынан кегежесі кері тартып тұрған қырсық мінезді ұл балалар шығады. Серікқалидың әрбір қимыл-қозғалысын, психологиялық мезеттерін зерделеуден талмайтын Аманның табандылығы түбінде көздеген межесіне жеткізді де. Серікқалидың басына қара бұлт үйіріліп, шарасыз күйде түрмеге кетіп бара жатқанда ең соңғы үміті Аманда болып, балалар үйіндегі бауырына балап жүрген кішкентай балаға қамқор болуын өтінеді.

Шығармада түс секілді символдық мәнге ие тәсіл бар. Повесте басқа тәсілдермен бірдей автордың алдына қойған мақсатына қызмет етеді. Аманның Серікқалиға қатысты көрген түсі айнымай келеді. Автор – адам, автор – кейіпкер, автор – оқырман үштігімен бірлесе отырып, кейіпкерге түс көрсету арқылы ішкі құрылым тәсілімен алдағы жағдайдың сезімдік контурын сызып береді.

Түсінде Серікқалидың өңі азып-тозған, киімі алба-жұлба кішкентай баланы өзіне табыстап жатқанын көрген Аман таңертең ұйқыдан мең-зең қалыпта тұрады. Шым-шытырық, түсініксіздеу аяқталған түсті қалай жоруға болатынын білмей, дал болады. Әлгі кішкентай баланы қолына ұстай бергенде, жұлқынып қаша жөнеліп, ақыр аяғында таба алмай қалғанына өкініп, Серікқалидың еңіреп жылап жіберген сәтінде шошып оянып, жүрегі соғып өзі-өзіне келе алмайды. Ертесіне Серікқалидың Аманды оңдырмай сабап, түрмеге қамалған хабары жетеді.

Көркем шығармадағы психологиялық аспектілердің бірі болып табылатын – «түс көру» ұғымының көркем шығармада атқаратын қызметі, мәні мен мақсаты турасында Г. Піралиева «Көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары» еңбегінде осы түс көру аспектісі жөнінде жүйелі тұжырымдар берген: «Әсіресе түс көру техникасын пайдаланудағы қаламгерлердің құпиясында шек жоқ. Мұнда нағыз шеберлік, нағыз поэтика жатыр. Жазушы өзінің фантазиясын бейнелеуде эстетикалық, философиялық, психологиялық құндылықтарға қол жеткізуде, кейіпкердің жан жүйесін зерттеуде түс көруді талдауға ешқандай бейнелеу құралы тең келмейтіндігі сондықтан да түсінікті болса керек».

Аман бойында повестің басынан аяғына дейін бір беймазалық бар, шешімін таппаған сауалдар тыныштық берер емес халде. Кейіпкердің үнемі ой үстінде, санасын сансыз сауалдармен шырмап жүретін сәттері авторға қосыла оқырманның өзі жауап іздеп отыратын риторикалық сұраулармен беріледі. «Былырғы тәжірибесі бар, әрі бұзып-жарар өткірлігіне салып, үзіліс кезінде класқа емін-еркін кіріп барды да, өзін таныстырған» әрекеті сәтсіз болып шығады.

Сонда бұл қыздың былтырғы батылдығы қайда қалды?

Жалпы, Аманның айналасы шулаған оқушылар мен думанды орта студенттерге толы болса да, жаны құлазып, үнемі жалғыздықта болады. Бірақ бұл жалғыздық тезаурустық қатар құрап, ғалым Қ.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: Эмоция, символ, тілдік сана» еңбегіндегі: «Жалғыздық, қараңғылық, түпсіз терең т.б.сөздер белгілі бір жан күйінің тылсым белгілерін көрсете бастайды. Айталық, мұң деген күйдің ішкі бөлшектерінің біріне – жалғыздық, өлім, қараңғы көңіл, түпсіз терең т.б. сегменттер кіреді» дегендей, мағына тұтастығына апармайды. Керісінше: «Жалғыздық. Дарашылдық, жапа-жалғыз қалу. Дүниеден, әлемнен бөліну. Өзінің жанын аластау. Оған жеру, безу, жатсыну тән. Философиялық мәнде алар болсақ, жанның әлдебір абсолютті күшке ұмтылуына» бағыттайды. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында Абсолют ұғымы Тәңірмен, кейін Алламен (Хақпен) байланыстырылғандығын ескерсек, Аманның сол Абсолютке жақындауға ұмтылуы – жалғыздықта ойларын жинақтап, жан-дүниесін саф тазалықпен құрсауы деп қабылдаған жөн.

«Үлкен жолдың адамы» күздің салқын күнінде көңілсіз күйде көк бояуы оңып, мұңға оранып, бұлттары әлдекімге өкпелеп кетіп бара жатқандай әсермен жылжыған, қуқыл тартқан аспанға қарап қойып жатақхана алдында Аманның бұйығып тұрған сәтінен басталады. Автобұса да бүкшііп отыра кетуі жас қыздың жастық шаққа тән жалынын басып, келбетін бүркемелеп кеткендей. Оқырман көз алдына самарқау қалыпты кейіпкерді елестетеді. Мектепке бара жатқан қыздың бар ойын оқушылары жайлы күмән мен күдік еншілеп алған.

Ал повестің соңы Аманның болашақтан үлкен үміті бар жарқын бейнесімен «Сол күні күн де жарқырап, айнала төңірекке бар мейірін шашып тұрды. Бұл – шуағын төге жеткен көктемнің алғашқы нұры еді» деп аяқталады. Басы шырғалаң шатаққа қалған Серікқалидың өзіне сенім артып бара жатқаны Аманға бүкіл шығарма бойына жоғалтып іздеп отырған күші қайта оралғандай сезімде қалды.

Шығармада мектеп оқушылары, студенттер, ұстаздар арасындағы қарым-қатынас, Аман мен Асан арасындағы сезім мен сын, сан қилы тағдыр шарпысы қызықтырса, сатқындық, қызғаныш, екіжүзділік секілді күйбең тіршілікте кездесіп отыратын құбылыстар оқырманды ойландырмай қоймайды.

Қанығұл Жаманбаеваның «Үлкен жолдың адамы» повесінің құндылығы – әсер етушілік қуаты мол шыншыл шығарма жасай алғандығымен ерекшеленбек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жаманбаева Қ. Үлкен жолдың адамы 2026
2. Мәдібай Қ.Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ униерситеті, 2015. – 258 б.
3. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет пен дәстүрлі ментальдік. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б.
4. Омарұлы Б. Жүректің көзі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 320 б.

УДК 81

Рустемова Жанар Айдарбекқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ
қазақ әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.
(Қарағанды, Қазақстан)

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ ӘДЕБИЕТ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Түйінгеме. Мақалада қазақ халқының ұлы ағартушысы, ғалымы, педагогы Ахмет Байтұрсынұлының білім беру мен оқыту туралы ой-пікірлерінің әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалы зерттеледі. А. Байтұрсынұлының «Ақ жол» жинағында жарияланған «Қазақша оқу жайынан», «Білім жарысы», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері» атты мақалалары негізге алынып, ондағы педагогикалық-методикалық тұжырымдардың бүгінгі білім беру жүйесіндегі маңызы ашылады. Мұғалім тұлғасына, оқыту құралдарына, бағдарламаның рөліне қатысты ғалымның пайымдаулары ғылыми-теориялық тұрғыдан талданады.

Кілт сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, ағартушылық, әдебиетті оқыту әдістемесі, педагогика, методика, мұғалім, оқу бағдарламасы, білім беру, қазақ мектебі, оқулық.

Рустемова Жанар Айдарбековна
КарНИУ им. академика Е.А. Букетова
Ассоциированный профессор кафедры казахской литературы, к.ф.н.
(Қараганда, Казахстан)

ВЛИЯНИЕ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ ИДЕЙ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ НА РАЗВИТИЕ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЛИТЕРАТУРЫ КАК НАУКИ

Аннотация. В статье исследуется влияние взглядов великого казахского просветителя, ученого и педагога Ахмета Байтұрсынұлы на образование и обучение в контексте становления и развития методики преподавания литературы как науки. На основе статей А. Байтұрсынұлы «Қазақша оқу жайынан» («О казахском обучении»), «Білім жарысы» («Состязание в знаниях»), «Оқыту жайынан» («Об обучении») и «Мектеп керектері» («Нужды школы»), опубликованных в сборнике «Ақ жол», раскрывается значение его педагогических и методических концепций для современной системы образования. С научно-теоретической точки зрения анализируются суждения ученого относительно личности учителя, средств обучения и роли учебной программы.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынұлы, просвещение, методика преподавания литературы, педагогика, методика, учитель, учебная программа, образование, казахская школа, учебник.

*Rustemova Zhanar Aidarbekovna
Academician E.A. Buketov Karaganda National Research University
Associate Professor of the Department of Kazakh Literature,
Candidate of Philological Sciences
(Karaganda, Kazakhstan)*

*THE INFLUENCE OF A. BAITURSYNULY'S EDUCATIONAL IDEAS ON THE DEVELOPMENT OF
LITERATURE TEACHING METHODOLOGY AS A SCIENCE*

Abstraction. *The article examines the influence of the views on education and teaching of the great Kazakh enlightener, scientist, and pedagogue Akhmet Baitursynuly on the formation and development of the methodology of teaching literature as a science. Based on A. Baitursynuly's articles "About Kazakh Education", "Competition in Knowledge", "About Teaching", and "School Needs" published in the "Ak Zhol" collection, the significance of his pedagogical and methodological concepts for the modern education system is revealed. The scientist's insights regarding the personality of the teacher, teaching tools, and the role of the curriculum are analyzed from a scientific and theoretical perspective.*

Keywords: *Akhmet Baitursynuly, enlightenment, methodology of teaching literature, pedagogy, methodology, teacher, curriculum, education, Kazakh school, textbook.*

Қазақ халқының рухани тарихында Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937) ерекше орын алады. Ол ақын, аудармашы, тілші-ғалым, педагог ретінде ғана емес, халқының ояну жолындағы жанкешті күрескер ретінде де мәңгілік есімін қалдырды. Ағартушының білім беру мен тәрбие туралы пікірлері – бүгінгі педагогикалық ғылымның өзекті мәселелерімен тікелей үндесетін терең тұжырымдар жиынтығы.

Бүгінгі таңда мектепте және жоғары оқу орындарында әдебиетті оқыту мәселесі жаңа білім беру парадигмасы аясында жаңаша қарастырылуда. Бұл жағдайда А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасына үңіліп, оның ғылыми-методикалық ой-пікірлерін жаңғыртудың маңызы зор. Бұл шағын зерттеуде ғалымның 1913 жылы жарияланған бірқатар мақаласы негізінде оның әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылым ретінде дамуына қосқан үлесі саралана талданады.

А. Байтұрсынұлы өзінің ағартушылық қызметін кең ауқымды бағдарламамен жүзеге асырды. Оның ойынша, ғылым мен өнер адам баласының тіршілігіндегі ауыртпалықты жеңілдетіп, рахатын молайтудың құралы болып табылады. Осы ұстанымды ол «Білім жарысы» (1913) мақаласында айқын тұжырымдаған:

«Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рахатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниеде бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы» [1, 256 б.]

Бұл тұжырымда білімнің утилитарлық қызметі ғана емес, оның ұлттық даму мен өркениеттік жарыста алатын стратегиялық рөлі де айшықталады. Мұғалім мен оқытушы үшін бұл мақсат ұмытпас нысана болуға тиіс: білім беру – тек оқу бағдарламасын орындау ғана емес, халықтың болашағын жасау.

«Халықтың есі енуі баланың есі енуі сияқты: бірте-бірте, ақырындап болмақшы» [1, 261 б.] деген қысқа да нұсқа пайымдауы А. Байтұрсынұлының педагогикалық процеске деген диалектикалық көзқарасын бейнелейді. Білім беру кезеңдерін сақтаудың, асықпай бірте-бірте алға жылжудың маңыздылығы бүгінгі дидактика ғылымының да негізгі қағидаттарының бірі болып саналады.

А. Байтұрсынұлы мектептің рухани өзегі ретінде мұғалімді атап өтеді. «Мектептің жаны – мұғалім» [1, 269 б.] деген тезис оның педагогикалық философиясының бірегей ұраны іспетті. Осы ұстаным бүгінгі білім беру саясатының өзегімен де үндеседі: мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру – реформаның басты тірегі болып саналады.

Ғалымның «Қазақша оқу жайынан» (1913) мақаласында мұғалімге қойылатын екі түрлі талап нақты тұжырымдалады. Біріншісі – оқытушы өзі үйрететін пәнді жетік білуі тиіс. Екіншісі – баланың табиғатын, психологиясын, ой-өрісінің даму заңдылықтарын меңгеруі шарт. Автор бұл туралы:

«Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек» [1, 252 б.]

Бұл тұжырым бүгінгі педагогика ғылымындағы «пәндік құзыреттілік» пен «психологиялық-педагогикалық құзыреттілік» ұғымдарының бастауы іспетті. Ал «Оқыту жайынан» (1913) мақаласында пассивті мұғалімдерге деген сын да ерекше назар аударды: «Оқыта білмейтін мұғалімдердің белгісі осы – «Әй, оқындар!» [1, 262 б.]. Бұл – оқушыны белсендіруге, белсенді оқытуға шақыру, яғни бүгінгі «learner-centered approach» (оқушыны орталыққа қоятын тәсіл) тұжырымдамасының сонау ХХ ғасыр басындағы методикалық болжамы. Болашақ мұғалім немесе оқытушы болу – жай оқулықты оқып беру емес, пән мен оқушы арасындағы тірі көпір болу.

А. Байтұрсынұлы оқу ісінің табысты жүруін үш факторға байланыстырады: қаржыландыру, оқу құралдары және мұғалім. «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі; бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге» [1, 261 б.]. Бұл үштік тіреу теңгерімінің бүгінгі білім беру менеджменті тұрғысынан да аса маңызды болып саналатынын атап өткен жөн.

Оқу құралдарының сапасы мен оны дұрыс пайдаланудың маңызы туралы ғалым: «Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек» [1, 262 б.] дейді. Яғни жақсы оқулық пен жаңа технология болса да, оны методикалық тұрғыдан дұрыс қолдана білу – бәрінен маңызды. Бұл тезис цифрлық білім беру дәуірінде де өзінің өзектілігін жоймайды.

Бағдарлама мәселесі де А. Байтұрсынұлының педагогикалық пайымдаулары арасында ерекше орынды алады. «Мектеп керектері» (1913) мақаласында ол бағдарламаны мектептің міндетті үшінші тірегі ретінде атап, оның рөлін нақты айқындайды:

«Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады» [1, 269 б.]

Оқу бағдарламасын жасауда мазмұнның тиімділігін, баланың жас ерекшелігіне сәйкестігін және оқытудың нәтижеге бағытталуын ескеру – бүгінгі curriculum design (оқу жоспарын жобалау) саласының өзекті мәселесі. А. Байтұрсынұлы бұны XX ғасырдың басында-ақ нақты тұжырымдаған болатын.

А. Байтұрсынұлының педагогикалық тұжырымдары тікелей әдебиетті оқыту методикасының негіздерімен де тығыз байланысты. Ол 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қазақ әдебиеттануының ғылыми жүйесін жасады. Бұл еңбек – әдебиетті оқытуда ғылыми-жүйелілік принципі бірінші рет қолданудың нақты үлгісі.

Ғалым мұғалімнің методикалық сауаттылығы мен пән мазмұнының ғылыми дәрежесін тығыз байланыстырды. «Педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» [1, 269 б.] деген талаптың астарында – мұғалімнің тек пән маманы ғана емес, оқытушы-методист болуы тиіс деген ұстаным жатыр. Бұл идея бүгінгі жоғары педагогикалық білімнің стандарттарымен үндеседі.

Оқу процесінде жүйелілік пен сатылылықты сақтау, баланың жас ерекшелігін ескеру, оқулық пен бағдарламаның педагогикалық тиімділігін қамтамасыз ету – осының бәрі А. Байтұрсынұлының ой-пікірлерінде алғаш рет жүйеленіп, бүгінгі қазақ мектебінің методикалық мұрасына айналды.

А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы – жай тарихи дерек емес, тікелей қолданбалы нұсқаулық. Бұл нұсқаулық бойынша болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі назарына төмендегідей ой-тұжырымдар ұсынылады:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мазмұны мен методиканы қатар меңгеріңіз. А. Байтұрсынұлы айтқандай, оқытушы тек өз пәнін жақсы білумен шектелмей, оқыту ғылымын да терең оқып, үйрену міндеттемесін ұмытпауы тиіс.

2. Пән мұғалімі немесе пән оқытушысы ретінде оқушы/студент тұлғасын зерттеңіз. Мұғалім мен оқытушының басты міндеті – білім алушының жас ерекшелігі мен психологиялық даму деңгейіне сай оқыту процесін ұйымдастыру.

3. Пән иесі ретінде бағдарлама мен оқу жоспарын сыни тұрғыдан талдаңыз. Бағдарламаны соқыр орындаушы болмай, оның педагогикалық мақсатын ұғынып жұмыс жасаңыз.

4. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндеріне қатысты оқу құралдарын тиімді пайдаланыңыз. Жаңа технология немесе оқулық – тек құрал, ал оны пайдалана білу шеберлігі – мұғалімнің методикалық сауаттылығынан туындайды.

5. Ұлттық педагогикалық мұраны зерттеңіз. А. Байтұрсынұлының «Ақ жол» жинағындағы мақалалар – қазақ педагогикасының рухани бастауы. Оларды оқып, өзіндік рефлексия жасауды дағды етіңіз.

А. Байтұрсынұлының ағартушылық ой-пікірлері – XX ғасыр басындағы тарихи-педагогикалық мұра ғана емес, бүгінгі білім беру ғылымына терең ықпал еткен методикалық концепцияның іргетасы. Ол мұғалімнің кәсіби дайындығы, оқыту бағдарламасының ғылыми негіздері, оқу құралдарының педагогикалық сапасы мәселелерін алғаш рет жүйелі талдаған ғалым ретінде қазақ педагогика ғылымының тарихында тұғырлы орын алады. Оның «Мектептің жаны – мұғалім деген ұлағатты сөзі – бүгінгі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі үшін ойлану нысанасы, кәсіби өсудің айнасы

болуға тиіс. А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасын терең зерттеп, заман талабымен ұштастыру – ұлттық білім берудің сапасын арттырудың маңызды жолдарының бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.

POLISH SCIENCE JOURNAL

Executive Editor-in-Chief: PhD Oleh M. Vodiany

ISSUE 5(86)

Founder: «iScience» Sp. z o. o.,
NIP 5272815428

Subscribe to print 05/06/2026. Format 60×90/16.
Edition of 100 copies.
Printed by «iScience» Sp. z o. o.
Warsaw, Poland
08-444, str. Grzybowska, 87
info@sciencecentrum.pl, <https://sciencecentrum.eu>



ISBN 978-83-949403-3-1

